



НЕКЕГЕ ТҰРАТЫН ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН

ЖАДНАМА



ӘОЖ 28
КБЖ 86.38
Б87

*Некеге тұратын жастарға арналған жаднама /
Авторлары: Бухарбаева Эльмира, Сыщенко Татьяна (Аиша) –
Нұр-Сұлтан, 2021. – 60 бет.*

Б87

ISBN 978-601-06-7209-3

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ сараптау комиссиясы
мақұлдаған**

Бұл жадынама некеге тұруды жоспарлап отырған жастарды отбасы және исламдағы маңызды құндылықтар, отбасын жоспарлау, жауапты ата-ана, репродуктивті денсаулық және оны сақтау жолдары, жүктілік кезінде және одан кейінгі кезеңде әйелдерді қолдаудағы ерлердің рөлі, отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол бермеу, ерте және мәжбүрлі некенің теріс салдары мәселелері бойынша ақпараттандыруға арналған. Жаднаманың мазмұны мешіттер мен рухани институттарға барған кезде некеге тұрған жас жұбайларға айтылады, сондай-ақ никахқа діни неке қию рәсімін өткізу кезінде ұсынылады.

ӘОЖ 28
КБЖ 86.38

ISBN 978-601-06-7209-3

© UNFPA, 2021

КІРІСПЕ

Аталған жаднама некеге тұратын жастарға арналған және БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы қоныстандыру қорының (ЮНФПА) елдік кеңсесінің техникалық қолдауымен некеге отырған жастарға отбасылық құндылықтар мен отбасылық құндылық мәселелері, дені сау және бақуатты отбасын құру қағидаларымен таныстыру мақсатында арналған.

Қазақстан Президенті жанындағы Әйелдер және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен әзірленген Қазақстан Республикасы Президентінің және 2030 жылға дейінгі отбасылық-гендерлік саясат тұжырымдамасы айқындаған Қазақстан Республикасы үкіметінің басым міндеттерін іске асыру Қазақстан Республикасының Президенті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы бастамашылық еткен «Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» бағдарламасы және ел тұрғындарының негізгі бөлігі ислам дінін ұстанатындығын ескере отырып, оған отбасы құндылықтары, отбасы мүшелерінің құқықтарын құрметтеуге негізделген отбасылық қатынастар, отбасын жоспарлау, ана мен репродуктивті денсаулықты сақтау, жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеу және ислам руханияты мен моралдық канондары туралы қажетті және пайдалы ақпаратты жеткізу өте маңызды.

Отбасылық мәселелерді шешпес бұрын, мұсылмандар рухани көшбасшылармен кеңеседі. Сондықтан отбасын құруға шешім қабылдаған жастарға және дін қызметкерлеріне ерлі-зайыптыларға басшылық жасау үшін отбасы мәселелері бойынша тиісті ақпарат ұсыну өте маңызды.



Бұл жаднамада жоғарыда көрсетілген сұрақтар келтірілген және некеге тұрған жастарға өзара сыйластық, қолдау, ата-ана мен репродуктивті денсаулықты сақтау, жауапкершілік қағидаттары негізінде берік отбасылық қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

Жаднаманың мазмұны Құрандағы ақпарат көздерін, аяттарды, хадистер мен пәтуаларды зайырлы және ғылыми мәліметтермен растауға негізделген.

Жаднама БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы қоныстандыру қорының (ЮНФПА) Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасымен ынтымақтастық шеңберінде және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен әзірленген.



Исламда отбасы және отбасы құндылықтары

Ер мен әйел арасындағы неке — Жаратушы Алла Тағаланың пенделерге бұйырған парызы. Адам баласы осы некені орындау арқылы Жаратушының мейірімі мен рақымын табуға, ұрпақ жалғастыру үшін отбасылық өмірдің қуаныштары мен артықшылықтарын сезінуге мүмкіндік алады.

Жаратушы Алла Тағала ер мен әйелдерді бір-біріне мұқтаж етіп қана жаратқан жоқ, сонымен қоса олардың бір-бірін толықтырып, физиологиялық және рухани жандүниесін қанағаттандыру мен тыныштық табулары үшін жұп ретінде жаратты.

Қасиетті Құранда «Нахл» сүресі, 72-аятта былай делінген:

وَاللَّهُ جَعَلَ لَكُمْ مِنْ أَنْفُسِكُمْ أَزْوَاجًا وَجَعَلَ لَكُمْ مِنْ أَنْفُسِكُمْ بَنِينَ وَحَفَدَةً وَرَزَقَكُمْ مِنَ الطَّيِّبَاتِ أَفَبِالْبَاطِلِ يُؤْمِنُونَ وَبِنِعْمَتِ اللَّهِ هُمْ يَكْفُرُونَ

«Алла Тағала өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратты. Жұбайларыңнан сендерге балалар, немерелер нәсіп етті. Сондай-ақ сендерді тап-таза нәрселерден ризықтандырды. Сонда да олар, бос нәрселерге сеніп, Алланың нығметіне шүкірсіздік етеді ме?».

Исламда ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынастың мынадай түрлерін айтуға болады:

1) Сабыр, махаббат, мейрімділік Қасиетті Құранда:

وَمِنْ آيَاتِهِ أَنْ خَلَقَ لَكُمْ مِنْ أَنْفُسِكُمْ أَزْوَاجًا لِتَسْكُنُوا إِلَيْهَا وَجَعَلَ بَيْنَكُمْ مَوَدَّةً وَرَحْمَةً إِنَّ فِي ذَلِكَ لَآيَاتٍ لِقَوْمٍ يَتَفَكَّرُونَ

«Сендерге, оған тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейрімділік берген де Оның (Алланың) белгілерінен. Сөз жоқ, осыларды ойланған елге белгілер (ғибраттар) бар», — деп баяндалады («Рум» сүресі, 21- аят).

2) Ер адамдарға жүктелген жауапкершіліктер
Жаратқан Алла Құран Кәрімде:

الرِّجَالُ قَوَّامُونَ عَلَى النِّسَاءِ بِمَا فَضَّلَ اللَّهُ بَعْضَهُمْ عَلَى بَعْضٍ وَبِمَا أَنْفَقُوا مِنْ
أَمْوَالِهِمْ

«Еркектер әйелдерді басқарушы. Өйткені Алла оларды бір-бірінен артық қылды (ер адамдар физикалық жағынан мықты, төзімді, эмоционалды түрде сабырлы). Сондай-ақ олар малдарынан да пайдаландырады (әйелдерге мән, нафақа береді)», — делінген («Ниса» сүресі, 34-аят).

3) Бір-бірімен кеңесу, ақылдасу
Құран Кәрімде:

وَالَّذِينَ اسْتَجَابُوا لِرَبِّهِمْ وَأَقَامُوا الصَّلَاةَ وَأَمْرُهُمْ شُورَى بَيْنَهُمْ وَمِمَّا رَزَقْنَاهُمْ يُنفِقُونَ

«Сондай Раббыларына бағынғандар, намазды толық орындағандар және олар істерін өзара кеңеспен жүргізгендер және өздеріне берген несібемізді тиісті орындарға жұмсағандар», — деп бұйырады («Шура» сүресі, 38-аят).

Отбасы — жүйеліліктен және толыққанды істерден тұрады және тек екі адамның әл-ауқаты ғана емес, жанұяның қоғамда да өзіндік орны бар. Өйткені отбасы қоғамның маңызды бөлшегі және маңызды құраушысы. Сондықтан әрбір отбасының өзіне тән заңдары, орындайтын міндеттері бар, ол міндеттерді ұмытпай, бұзбай және заң ретінде орындау керек.

Исламда отбасын құрудың дұрыс әрі жалғыз жолы ол — заңды некеге тұру. Неке отбасының тұтқасы, жауапкершілігі. Сонымен қатар неке қоғамдағы адамгершілікті, отбасы құрудағы құндылықты сақтауда аса маңызды. Құран Кәрімде:

وَأَنْكَحُوا الْأَيَّامَى مِنْكُمْ وَالصَّالِحِينَ مِنْ عِبَادِكُمْ وَإِمَائِكُمْ إِنْ يَكُونُوا فُقَرَاءَ
يُغْنِهِمُ اللَّهُ مِنْ فَضْلِهِ وَاللَّهُ وَاسِعٌ عَلِيمٌ

«Іштеріңдегі бойдақтар мен тұрмыс құрмаған әйелдерді үйлендіріңдер. Егер олар кедей болса, Алла өз кеңшілігімен оларды байытады. Алла, аса кеңшілік иесі, толық білуші», — деген («Нұр» сүресі, 32-аят).

Неке — исламдық құқықтық заңнамаларға сәйкес ер мен әйел арасындағы ерлі-зайыптылық жауапкершілікті білдіреді. Қазақстан Республикасында ол көптеген мұсылман елдерінде отбасылық құқықтың негізі саналатын ханафи мәзһабы бойынша жүзеге асырылады. Осыған байланысты, отбасы мен неке қатынастарына қатысты пәтуалар Қазақстан мұсылмандары діни басқармасында ханафи мәзһабына сәйкес қабылданады.

Біздің елімізде исламдық неке заңды күшке ие емес, яғни Қазақстан Республикасының заңы бойынша, жарамды деп саналмайды. Сондықтан отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау үшін жасжұбайлар некелерін АХАЖ бөлімдерінде тіркеулері шарт.

Атап өтетін жағдай, АХАЖ бөлімдерінде тіркелетін некелер көп жағдайларда исламдағы неке қию ережелеріне сай келеді. Сондықтан қандайда бір этникалық мұсылмандар тобы некелерін АХАЖ бөлімдерінде қиса, бірақ исламдық неке қию рәсімін өткізбесе, оларды зинақорлықта айыптау қате.

Мұнымен қоса АХАЖ бөлімінде жасалынатын ажырасу исламдағы ажырасу ережелеріне ұқсас келеді. Сондықтан исламдық неке заңы бойынша ажырасу (талақ) болып есептелінеді.

Исламда ажырасу құпталмайтын іс. Ол жайында Мұхаммед Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

ابغض الحلال الى الله الطلاق

«Алланың құзырында рұқсат етілмеген, ең ұнамсыз іс — ажырасу» (Әбу Дәуіт, ибн Мәжа).

Ерлі-зайыптылар қоғамда отбасын сақтап қалу үшін барлық күштері мен әрекеттерін жұмсаулары керек. Себебі отбасы — лайым жалғасып отыратын ғибадаттың түріне жатады.

Ғұлама ибн Абидин: «Адам атаның заманынан бері қалыптасып бізге дейін келген, содан кейін мәңгілік өмірде жалғасқан ғибадат жоқ, тек неке ғибадатынан басқа», — деген.

Ерлі-зайыптылық қарым-қатынастағы ер мен әйелдің құқықтары мен міндеттері

Қоғамда мұсылмандық некедегі ер кісіге әйелін жәбірлеуші, құқығын таптап, құл ретінде жұмсаушы деген жалаң ой, қате пікір бар. Мұндай ойды дұрыс және шынайы деп ойлайтындар — олар ислам дінінің ережелері мен доктриналарына, асыл дін мен оны ұстанушыларға деген кемсіту ғана. Алайда Алла Тағала исламда ерлер мен әйелдерге тек қана келісім, махаббат, бірін-бірі түсіне алатын жағдайда болған кезде ғана некелесіндер деп бұйырған. Қасиетті аятта:

وَإِنْ امْرَأَةٌ خَافَتْ مِنْ بَعْلِهَا نُشُوزًا أَوْ إِعْرَاضًا فَلَا جُنَاحَ عَلَيْهِمَا أَنْ يُصْلِحَا بَيْنَهُمَا صُلْحًا وَالصُّلْحُ خَيْرٌ وَأُحْضِرَتِ الْأَنْفُسَ الشُّحَّ وَإِنْ تُحْسِنُوا وَتَتَّقُوا فَإِنَّ اللَّهَ كَانَ بِمَا تَعْمَلُونَ خَبِيرًا

«Егер бір әйел, ерінің жеруінен немесе бет бұруынан қорықса, өзара келісіп жарасуларында, татуласуларында екеуіне де күнә жоқ. Сондай-ақ татуласу жақсы. Нәпсілер қытымырлыққа бейім жаратылған. Егер ізгілікпен, татулассандар, Алладан қорықсандар, негізінен Алла Тағала не істегендерінді толық біледі», — деп айтылған («Ниса» сүресі, 128-аят).

Әбу Нурайра жеткізген хадисте Мұхаммед Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп айтқан:

و عن ابي هريرة رضي الله عنه قال: قال رسول الله صلى الله عليه وسلم:
أكمل المؤمنين إيماناً، أحسنهم
خلقاً، و خياركم خياركم لنساءهم (اخرجہ الترمذي ۱۱۶۲)

«Иман тұрғысынан кәміл мүминдер — олар жоғары адамгершілікке ие болған көркем мінезді адамдар (олар өз эмоцияларын, ашуларын бақылап, бағыттап отыратындар, жаманға жақсымен жауап бере алатындар). Сендердің ең жақсыларың — әйелдерімен жақсы қарым-қатынаста болғандарың» (Тирмизи).

Ер мен әйелдер арасында физиологиялық және психологиялық табиғи айырмашылықтар бар, осы айырмашылықтар олардың атқаратын әлеуметтік рөлдеріне және т.б. жақтарына әсер етеді. Алла Тағала оларды осылай жаратқан. Сондықтан ерлі-зайыптылар Алла Тағала берген бір-бірлерінің құқықтарын сақтап, құрметтеулері керек, бір-біріне деген міндеттерін дұрыс орындаулары қажет.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

الدُّنْيَا مَتَاعٌ
وَخَيْرُ مَتَاعِ الدُّنْيَا الْمَرْأَةُ الصَّالِحَةُ (رواه مسلم)

«Бұл дүние — уақытша. Бұл (жалған) уақытша өмірде алуға болатын нәрсе — салиқалы әйел», — деген (Мұслим).

Әйелдің құқығы

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің соңғы қоштасу хұтбасы кезінде қажылыққа барған 124 мың адам алдында мынадай өсиет айтты:

فاتقوا الله في النساء، فإنكم أخذتموهن بأمان الله

«Әйелдер жайында Алладан қорқыңдар. Себебі сендер оларды (әйелдеріңді) Алладан аманатқа алғансыңдар» (Әжлони, I том, 36 бет).

Міне, Ислам діні жетінші ғасырда-ақ әйелдердің құқықтары мен оларды сақтаудың мәселесіне ерекше көңіл бөлген.

1. Тұрмысқа шығатын әйел үшін берілетін сый (мәһр)

Мәһр — күйеу жігіттің болашақ қалыңдығына беретін міндетті ақысы (тек қана қалыңдыққа беріледі). Бұл некенің маңызды шарты. Яғни мәһр дегеніміз — қалыңдыққа төленетін ақы, бағалы

зат немесе қаражат. Мұны қалыңдыққа бергеннен кейін оны қалыңдық қана иелік етеді және қалай қолданады, қалай жаратады өзі біледі. Мәһрдің көлемін тек болашақ қалыңдық анықтап, белгілей алады. Сондықтан қалыңдықтың, яғни жарының айтқан мөлшерінде ғана мәһр тілегі орындалады.

Қасиетті Құранда әйелге төленетін мәһрді өтеу ер адамға міндеттелгені айтылған:

وَأْتُوا النِّسَاءَ صَدُقَاتِهِنَّ نِحْلَةً

«Әйелдердің мәһрін ықыласпен беріңдер» («Ниса» сүресі, 4-аят).

Мәһр ретінде алып-сатуға болатын барлық затты беруге рұқсат етіледі. Егер неке қиылған кезде мәһр ретінде берілетін сый сатып алып қойған зат болса (кейіннен ол сатып алуға не сатуға болмайтын болса), онда көпшілік ғалымдардың пікірі бойынша мисли мәһрін төлеу керек (бірінші кезде берілген мәһрдің деңгейіндегі, мөлшеріндегі сол аймақтағы бағасын беру).

Ибн Омар (Алла оны рақымына алсын) жеткізген деректе Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

إِنَّ أَعْظَمَ الذُّنُوبِ عِنْدَ اللَّهِ رَجُلٌ تَزَوَّجَ امْرَأَةً فَلَمَّا قَضَى حَاجَتَهُ مِنْهَا طَلَّقَهَا
وَذَهَبَ بِمَهْرِهَا وَرَجُلٌ اسْتَعْمَلَ رَجُلًا فَذَهَبَ بِأُجْرَتِهِ وَآخِرُ يُقْتَلُ ذَابَّةً عَبَثًا

«Шынында Алланың құзырындағы ең үлкен күнә: ер адам жақсы көретін әйелімен қосылып, өзінің құмарлығын қанағаттандырғаннан кейін ол әйелден ажырасып, оның мәһрін төлемеген кісі. Сол секілді бір адамды жұмысқа алып, ол жұмысты істеп болғаннан кейін оның жалақысын төлемей қойған адам; соңғысы себепсіз жан-жануарларды өлтіретіндер» (Хаким, Байһақи).

2. Қаржылық құқы (баспана, киім және тамақпен қамтамасыз ету)

Сағд ибн Әбу Уаққас келтірген деректе Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

وَأَنَّكَ لَنْ تُنْفِقَ نَفَقَةً تَبْتَغِي بِهَا وَجَهَ اللَّهُ إِلَّا أُجِرْتَ بِهَا حَتَّى مَا تَجْعَلُ فِي فِيَّ امْرَأَتِكَ

«Алланың разылығын алу мақсатында жасаған, жұмсаған игіліктерің үшін Алладан сый (сауап) аласың, тіпті әйеліңнің аузына тамақ салсаң да», – деген (Бұхари, Мұслим).

3. Өзіне деген жақсы күтім (құрметтеу, мейрімділік, әділеттілік, физикалық және эмоционалды кері ықпалдарды болдырмау)

Мұғауия ибн Хайдадан жеткен хадисте Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп айтқан:

و عن معاوية بن حيدة رضي الله عنه قال: قلت: يا رسول الله، ما حق
زوجة أهدنا عليه؟ قال: أن تطعمها إذا طعمت، و تكسوها إذا اكتسيت،
و لا تضرب الوجه، و لا تقبح، و لا تهجر إلا في البيت
(اخرجه ابو داود ٢١٤٢)

«Мен Пайғамбардан: *Уа, Алланың Елшісі! Әйелдің бізден алатын ақысы қандай? – деп сұрадым. Сонда Пайғамбарымыз: «Өзің не ішіп отырсаң оған да соны бер, өзің не жесең оған да соны бер, өзің қалай киінсең оны да солай киіндір, оның бетінен ұрма, оны кемсітпе, егер ренжіскен кездерің болатын болса, онда оның бөлмесінен басқа бір бөлмеге ашуың тарқағанша жат. Осылай үйдегі болған ұрысты үйде ғана қалдыруға мүмкін болады»* (Риадус-салихин, I том, 320 бет).

Қасиетті Құранда әйелдерге жақсы қарау жайында былай баяндалады:

وَعَاشِرُوهُنَّ بِالْمَعْرُوفِ فَإِنْ كَرِهْتُمُوهُنَّ فَعَسَى أَنْ تَكْرَهُوا شَيْئًا وَيَجْعَلَ اللَّهُ
فِيهِ خَيْرًا كَثِيرًا

«Уа, мұминдер! Сендер үшін әйелдерге зорлықпен мұрагер болуларың халал емес. Бергендеріңнің бір бөлімін алып қалу үшін оларды зорламаңдар. Бірақ олар ашық арсыздық істесе басқа. Сондай-ақ олармен жақсы шығысыңдар. Егер оларды жек көрсеңдер, сендердің жақтырмаған нәрселерінде Алла көптеген қайыр жасап қойған болуы мүмкін» («Ниса» сүресі, 19-аят).

4. Өз мүліктеріне иелік ету құқығы (мұрагерлік)

Алла Тағала Қасиетті Құранда:

لِّلرِّجَالِ نَصِيبٌ مِّمَّا كَتَبْنَا لَهُمْ وَ لِلنِّسَاءِ نَصِيبٌ مِّمَّا كَتَبْنَا لَهُنَّ

«Ер кісілердің үлесі өзіне және әйелдердің үлесі де өзіне тән»,
— деген («Ниса» сүресі, 32-аят).

5. Білім алу мен жұмыс істеу құқығы

Ислам тарихында ғылым мен білім алуға ұмтылған мұсылман әйелдердің мысалдары өте көп. Құран үйретуде және фикһ ілімінің ұстазы ретінде Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жұбайы Аиша (Алла оған разы болсын) анамызды айтуға болады.

Аиша (Алла оған разы болсын) анамыздың айтуынша, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жұбайлары қасиетті Рамазан айы кезінде үйлерінде балаларға білім беріп, хат жазуға, қасиетті Құранды оқуға, тануға үйрететін. Осылайша балалардың бойына дінге деген сенімге баулып, біліммен тәрбиелейтін. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үйінің бір жағында шатыр орнатылатын. Оны «Хыдр» деп атаған. Ол жерде тек қана қыз балалар білім алатын (Бұхари).

Қыз бала жақсы ана, салихалы әйел болу үшін өзіне қажетті білім алып, оқулары керек. Бір ер адамды оқыту, ол бір ғана адамды оқыту, ал бір қыз баласын оқыту, ол тұтас бір ұлтты оқытумен тең.

Араб тілінде «жұмыс», «мамандық», «еңбек» деген сөздер «амал» деп аталады. Қасиетті Құранда:

وَقُلْ اَعْمَلُوا فَسَيَرَى اللّٰهُ عَمَلَكُمْ وَرَسُولُهُ وَالْمُؤْمِنُونَ وَسَتُرَدُّونَ اِلَىٰ عَالِمِ
الْغَيْبِ وَالشَّهَادَةِ فَيُنَبِّئُكُمْ بِمَا كُنْتُمْ تَعْمَلُونَ

«Мұхаммед оларға айт: «Ізгі амал істеңдер. Істеріңді Алла, Пайғамбар және мүминдер көреді. Сондай-ақ көмес, көрнеуді білуші

Аллаға қайтарыласыңдар. Ол сендерге не істегендеріңді (қандай амал жасағандарыңды) білдіреді», — деген («Тәубе» сүресі, 105-аят).

Әйел кісілердің де белгілі бір маман иесі болуы бүгінгі күні өте өзекті мәселе. Әйел кісі білікті маман иесі болмаса, әлеуметтік институттардың қызмет атқаруы төмен болады. Себебі, мұсылман әйелдер қандай да бір қызмет түрі болмасын алдымен әйел мамандардан сұрап білуді жөн көреді. Ислам ережелері бойынша дұрысы осы.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дәуіріне де қарайтын болсақ, Хадиша анамыз (Алла оған разы болсын) сол уақыттағы мұсылман әйелдер арасында дәулетті әйелдердің бірі болған. Қазіргі сөзбен айтатын болсақ, Хадиша анамыз алғаш болып халықаралық кәсіпкерліктің негізін салған. Пайғамбарымыз Мұхаммедпен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сауда ісін жүргізіп, серіктестіктің негізін қалаған. Осы серіктестік барлық мұсылман әйелдер үшін өте маңызды, себебі Хадиша анамыз сауда-саттық істерін жақсы меңгерген және жиған-тергенін Алла жолына қайырымдылық ретінде жұмсайтын болған.

Әйелдің міндеттері

Әйел кісінің ерінің алдында тек құқықтары ғана емес, сонымен қоса күйеуінің алдында орындайтын міндеттері де бар. Алайда кейде біз сол міндеттерді орындауды ұмытып кетеміз. Әйел кісі өзіне тиісті міндеттерді ешқашан естен шығармауы керек. Оны біліп жүрген абзал. Сонда ғана отбасындағы тепе-теңдікті ұстап тұра аламыз.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

عن أم سلمة عن النبي صلى الله عليه وسلم : ايما امرأة ماتت و زوجها راض عنها دخلت الجنة (رواه الترمذي)

«Ерінің разылығын алып, қайтыс болған қандай да әйел,
жәннатқа кіреді» (Тирмизи, ибн Мәжа).

1. Әйел адам ерінің физиологиялық қажеттіліктеріне дайын болу керек

Әйел кісі тек етеккір келген мерзімдер мен босанудан басқа уақыттарды немесе ауру кезінен кейінгі кездердің барлығында ерінің көңілін тауып, оны разы етуі тиіс. Әйелдерге ерлерінің алдында жұбайылық міндеттерін атқарудан бастартуына болмайды.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

عن أبي هريرة رضي الله عنه قال : قال رسول الله صلى الله عليه وسلم :
إذا دعا الرجل امرأته إلى فراشه فأبت فبات غضبان عليها لعنتها الملائكة
حتى تصبح (رواه البخاري و مسلم)

«Егер ері әйелін бірге болуға (төсек қатынасына) шақырса,
бірақ әйел ерінің алдында жұбайылық міндетін атқарудан
бас тартса, ері осы үшін ашуланса, періштелер таң атқанға
дейін оны (әйелді) қарғап шығады» (Бұхари, Мүслим).

Әйелдердің мойнына жүктелген осы міндет өте маңызды болып табылады, себебі осы арқылы жұбайлардың бақытты болуын анықтайды. Әйелінің ері алдында зайыптық міндеттерін орындамауы, бірге болуға ерінің құқықтарын қанағаттандырмауы салдарынан ажырасу мен отбасының бұзылуына алып келеді. Сондықтан әйелдер ерлерінің алдында әрдайым әдемі, қалаулы, белсенді және жауапты болуы керек.

2. Әйеліне күйеуінің рұқсатынсыз ауыз бекітуіне болмайды

Парыз оразалардан тыс (яғни Рамазан айындағы ауызбекітуді есепке алмаған кезде) ауыз бекіту — сүннет. Сондықтан нәпіл оразаларды ұстайтын әйел — күйеуінің рұқсатынсыз ауызбекітуге болмайды. Себебі ері әйелінен ләззат ала алмай қалады. Сол үшін күйеуінің рұқсатымен, келісімін ала отырып, нәпіл оразаларды ұстағаны жөн.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

عن أبي هريرة رضي الله عنه أن رسول الله صلى الله عليه وسلم قال : لا يحل
للمرأة أن تصوم وزوجها شاهد إلا بإذنه (رواه البخاري)

«Әйелге ерінің рұқсатынсыз (ол бар кезде) ауыз бекітуге
болмайды...» (Бұхари).

3. Үйінен шықпас бұрын рұқсат алуы керек

Имам Табараниден келген хадисте:

خرج رجل في سفر و عهد الي امرأته ألا تنزل من العلو الي السفلى
و كان ابوها في السفلى، فمرض، فأرسلت المرأة الي رسول الله صلى الله
عليه وسلم تستأذنه في النزول الي ابوها، فقال عليه الصلاة والسلام ” اطيعي
زوجك“ فمات. فاستأذنته، فقال لها ” اطيعي زوجك ” فدفن ابوها، فأرسل
الرسول صلى الله عليه وسلم إليها يخبرها أن الله قد غفر لأبيها بطاعتها
لزوجها (رواه الطبرني)

«Бір ер адам алыс жолға шығып бара жатқан кезінде
әйеліне үйден шықпауға бұйрық беріпті. Күйеуі кетіп
қалған кезде әйелдің әкесі ауыр дертке шалдығады. Сол
кезде ол әйел Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты
мен сәлемі болсын) әкесіне барып, хәлін сұрауға болады ма,
деп, хат жолдапты. Пайғамбарымыз (оған Алланың
салауаты мен сәлемі болсын) ол әйелге күйеуіне итағат
(бойсұну) керек екендігін айтады. Осылайша әйелдің
әкесі дүниеден озыпты. Сол кезде Пайғамбарымыз (оған
Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әлгі әйелге: күйеуіне
бойсұнған әйел болғандықтан, Алла Тағала әкеңнің
күнәларін кешірді», — деп хабар жолдапты» (Табарани).

Әйел кісіге күйеуі мынадай қажеттіліктеріне байланысты үйден шығуына рұқсат берген, мысалы, дүкенге, ауруханаға, туыстарына баруға. Сонымен қатар әйелге қауіпті емес жерлер болатын болса ондай жерлерге баруға рұқсат берілген. Дегенмен әйелдер үшін қауіпсіз жерлер аз. Ер адам өзінің әйелі үшін тек қоғам алдында жауапты емес, сонымен қоса Жаратушы Алла Тағаланың алдында жауапты. Бұл тыйым, ерінің әйелінің қауіпсіздігін ойлағандықтан жасалынған, себебі әйелі мен отбасы алдындағы жауапкершілік ол ер адамға жүктелген міндет. Сондықтан әр нәрсеге көңіл бөліп қарау керек.

4. Әйел кісі Алла Тағала нәсіп еткен және күйеуі тауып берген әрбір нәрсеге қанағат етуі керек

Әйел кісі Алла Тағаланың берген ризық-несібесіне қанағат етіп, күйеуінің тапқан табысын үнемдеп, оған дүние-мүлкін қорғауда көмектесуі керек, арам жолмен тапқан табыстан сақтануы керек.

5. Әйел кісіге күйеуінің рұқсатынсыз оның дос-жарандарымен танысуға болмайды

Әйелі күйеуінің достарымен оның рұқсатынсыз танысуға және өзін таныстыруына болмайды. Сондай-ақ ері жоқ кезде бөтен адамдармен немесе басқа ер адамдармен жеке қалуына да тыйым салынады.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп айтқан:

لَا يَحِلُّ لِمَرْأَةٍ أَنْ تَصُومَ وَرَوْجُهَا شَاهِدٌ إِلَّا بِإِذْنِهِ ، وَلَا تَأْدَنَ فِي بَيْتِهِ إِلَّا بِإِذْنِهِ

«Әйелге ерінің рұқсатынсыз (ол бар кезде) ауыз бекітуге болмайды. Сондай-ақ күйеуінің рұқсатынсыз кімді болса да (бөтен адамды) үйге кіргізуге болмайды» (Бұхари, Мұслим).

6. Әйел адам бөтен адамдардың алдында күйеуінің кемшілігін жасыруы керек

Ерлі-зайыпты әйел басқалардың алдында күйеуінің әдемілігін айтып немесе күйеуінің байлығын айтып мақтануына болмайды. Сол секілді өзгелердің алдында күйеуінің құпиясы жайлы айтпау керек.

Қасиетті Құранда:

فَالصَّالِحَاتُ قَانِتَاتٌ حَافِظَاتٌ لِّلْغَيْبِ بِمَا حَفِظَ اللَّهُ

«Жақсы әйелдер бойсұнушылар, Алла қорғауға бұйырған көмескі нәрселерді (абыройын) қорғаушылар», — деген («Ниса» сүресі, 34аят).

7. Әйел кісі өзгелердің алдында денесін ашық көрсетпеуі керек

Әйел адам өзінің күйеуінен тыс бөгде адамдардың алдында әурет жерлерін жабық ұстауы тиіс. Яғни, әуреті ашық киімдерді кимеу керек.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

أَيُّمَا امْرَأَةً وَضَعْتَ ثِيَابَهَا فِي غَيْرِ بَيْتِ زَوْجِهَا فَقَدْ هَتَكَتَ سِتْرَ مَا بَيْنَهَا وَبَيْنَ اللَّهِ

«Қандай да бір әйел күйеуінің үйінен басқа жерде киімін шешетін болса, оны мен Алланың арасындағы пердені шешкен болады» (Ахмад, Тирмизи).

8. Күйеуінің сыртқы мініне мысқылдауға, сөз таластыруға, оған ауыртпалықтар мен қиыншылықтар артуға болмайды

Әйелі күйеуін әрдайым жоғары құрметтеуі тиіс. Оған отбасының қорғаушысы ретінде, оның үлкен жауапкершілікті атқаратындығын түсініп, құрметтеу керек.

Мұхаммед Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің хадисінде:

لَا تُؤْذِي امْرَأَةً زَوْجَهَا فِي الدُّنْيَا إِلَّا قَالَتْ زَوْجَتُهُ مِنَ الْخُورِ الْعَيْنِ لَا تُؤْذِيهِ قَاتَلَكِ اللَّهُ ! فَإِنَّمَا هُوَ عِنْدَكَ دَخِيلٌ يُوشِكُ أَنْ يُفَارِقَكَ إِنِّيْنَا

«Бұл дүниедегі әйелі өзінің күйеуіне залал тигізіп, азаптаған сайын ол ердің (о дүниедегі) хур әйелі «Алла сенің жазаңды берсін, оны қинама! Ол сенің тек қана қонағың ретінде келді және жақын арада қайтып кетіп қалады (бізге қайтып келеді)» деп айтады», — деген (Ахмад, ат-Тирмизи, ибн Мәжа).

9. Әйелі күйеуін ренжіткен болса, тез арада татуласуға ұмтылу керек

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Күйеуі әйеліне ренжіген болса, онда ол әйелдің дұғалары мен жақсы істері аспанға көтерілмейді (қабыл болмайды). Алайда күйеуінің айтқаны шарият бойынша сай болмаса, оны әйелі орындаудан бастартатын болса, онда ондай әйелге күнә болып саналмайды» деген (ибн Хиббан, ибн Мәжа).

10. Әйел күйеуінің айтқанын тыңдап, орындауы керек

Әйел кісі әрдайым күйеуінің айтқанын орындауы керек. Дегенмен күйеуі әйеліне шариятқа қайшы істерді бұйыратын болса, оның жөні басқа.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп айтқан:

إِذَا صَلَّاتُ الْمَرْأَةِ خَمْسَهَا وَصَامَتْ شَهْرَهَا وَحَفِظَتْ فَرْجَهَا وَأَطَاعَتْ زَوْجَهَا
دَخَلَتْ الْجَنَّةَ

«Егер әйел бес уақыт намазын оқып, Рамазан айында ауыз бекітсе, өзінің имандылығын ұстап, күйеуіне бағынатын болса, онда ол әйел — жәннатқа кіреді» (Ахмад, Табарани, Бәззар).

Сонымен қатар келесі хадисте: «Аллаға мойынсұнбау мәселелерінде пенде үшін бойсұну мен бағынуға болмайды», — делінген (Мұслим).

Күйеуінің құқықтары

Отбасындағы құқықтар тек бір кісіге жүктелмейді. Ислам дінінде ер кісінің де, әйелдің де құқықтары бар. Сол секілді ер кісіге де отбасында құқықтар берген. Бұған қатысты көптеген хадистерде ер адамның отбасындағы маңыздылығы жайлы айтылған.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

لَوْ كُنْتُ أَمِراً أَحَدًا أُنَّ يَسْجُدُ لِأَحَدٍ لِأَمْرَتِ الْمَرْأَةِ أَنْ تَسْجُدَ لَزَوْجِهَا

«Егер мен пенденің пендеге сәжде етуін бұйыра болсам, онда әйелге (жоғары құрмет пен бойсұнудың белгісі ретінде) күйеуіне бас иіп, сәжде етуді бұйыра едім» (Тирмизи, ибн Хиббан, Бәйһақи).

Сондықтан әйел күйеуінің құқықтарын біліп, оны құрметтеуі тиіс. Алланың қаһарынан қорқып, бақытты отбасы болу мен күйеуінің разылығын алу үшін әрекет жасауы керек. Осылайша әйел адам Алланың мейіріміне ие бола алады.

1. Әйелдің құпталған істерде бойсұну құқығы

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

عن عبد الله ابن عمرو عن النبي صلى الله عليه وسلم : الدنيا متاع، و خير متاعها المرأة الصالحة، إن نظر إليها سرتها، و إن أمرها اطاعته، و إن غاب عنها حفظته في نفسها و ماله (رواه احمد)

«Бұл дүние өткінші. Бұл уақытша дүниенің ішіндегі ең қайырлысы — салиқалы әйел. Өйткені (салиқалы әйел) күйеуі оған қараған кезде қуантады, оған бір нәрсені бұйырған кезде бойсұнады, сондай-ақ күйеуі (үйінде) жоқ кезде арын сақтап, оның мал-мүлкін қорғайды», — деген (Ахмад).

Тағы бір хадисте:

حديث أبي هريرة عن النبي صلى الله عليه وسلم: إذا ثبتت المرأة خمسه، و حصنت فرجها، و اطاعت بعلمها دخلت من أي أبواب الجنة شاءت (رواه ابن حبان)

«Егер әйел бес уақыт намазына берік болса және арын сақтап, күйеуіне мойынсұнатын болса, ол — жәннаттың өзі қалаған есігінен кіреді», — делінген (ибн Хиббан).

2. Ерінің жыныстық қатынастағы құқығы

Ері әйелін төсек қатынасына шақырған кезде қарсы шығып, қасына келмеуіне болмайды. Ал шарият бойынша тыйым салған күндері (етеккір, босанудан кейінгі нифас кездері және ауру т.б.) бұдан бас тартуына рұқсат етіледі.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

إِذَا دَعَا الرَّجُلُ زَوْجَتَهُ لِحَاجَتِهِ فَلْتَأْتِهِ وَإِنْ كَانَتْ عَلَى النَّوْرِ

«Егер күйеуі әйелін қажетін өтеуге (төсек қатынасқа) шақыратын болса, әйелі (тамақ жасап жатса да) дереу ісін тоқтатып, күйеуіне барып зайыптық міндетін орындауы керек» (Тирмизи, Нәсаи, ибн Хиббан).

3. Күйеуінің әйелін тәрбиелеудегі құқығы

Егер әйелі күйеуінің айтқанын орындамайтын болса және оған мойынсұнбаса, ондай жағдайда күйеуінің әйелін тәрбиелеуге толықтай құқығы бар.

Тәрбиелеудің мақсаты — жақсы бастама болу керек, кек алу емес. Міне, осы кезде ер адам әйеліне физикалық күш көрсетуден сақ болуы тиіс. Себебі алдағы уақытта (бірге өмір сүретін болғандықтан) әйелдің күйеуіне деген жеккөріністік сезімі мен ыза пайда болады. Сондықтан күйеуі әйелін тәрбиелеу кезінде болашақта осы әйелмен бірге тұратындығын ұмытпай, күш көрсетпеуі керек. Айта кететін жағдай, күйеуіне мойынсұнған иманды әйел иманды ер адамның көрінісі. Қасиетті Құранда:

الْحَبِيبَاتُ لِلْحَبِيبِينَ وَالْحَبِيبُونَ لِلْحَبِيبَاتِ وَالطَّيِّبَاتُ لِلطَّيِّبِينَ وَالطَّيِّبُونَ لِلطَّيِّبَاتِ

«Сұм әйелдер сұм ерлерге, ал сұм ерлер сұм әйелдерге, сондай-ақ салиқалы әйелдер салиқалы ерлерге, игі ерлер игі әйелдерге лайықты» деген («Нұр» сүресі, 26-аят).

Сондықтан ер азамат құқығын пайдаланбас бұрын алдымен өзінің тәрбиесін түзеп, өзі дұрыс болуы керек.

Ерінің міндеттері

1. Ер адам өзінің әйелімен тең қарым-қатынаста болуы керек

Ер азамат отбасының қамқоршысы, шаңырағының иесі болғандықтан әйеліне шарифат бойынша рұқсат етілген істерді істеуге тыйым салмауы керек. Орны келгенде мұбах істерді жасауы үшін рұқсатын бергені жөн.

Қасиетті Құранда ер мен әйел арасын бөліп жарып айтатын айырмашылық жоқ, екеуіне де атқарулары керек міндеттері мен құқықтары айтылған. Бұл жайында қасиетті Құранда:

إِنَّ الْمُسْلِمِينَ وَالْمُسْلِمَاتِ وَالْمُؤْمِنِينَ وَالْمُؤْمِنَاتِ وَالْقَانِتِينَ وَالْقَانِتَاتِ وَالصَّادِقِينَ وَالصَّادِقَاتِ وَالصَّابِرِينَ وَالصَّابِرَاتِ وَالْخَاشِعِينَ وَالْخَاشِعَاتِ وَالْمُتَصَدِّقِينَ وَالْمُتَصَدِّقَاتِ وَالصَّانِمِينَ وَالصَّانِمَاتِ وَالْحَافِظِينَ فُرُوجَهُمْ وَالْحَافِظَاتِ وَالذَّاكِرِينَ اللَّهَ كَثِيرًا وَالذَّاكِرَاتِ أَعَدَّ اللَّهُ لَهُمْ مَغْفِرَةً وَأَجْرًا عَظِيمًا

«Расында да мұсылман ерлер мен мұсылман әйелдерге, мүмин ерлер мен мүмин әйелдерге, бойсұнушы ерлер мен бойсұнушы әйелдерге, шыншыл ерлер мен шыншыл әйелдерге,

сабырлы ерлер мен сабырлы әйелдерге, ықыласты ерлер мен ықыласты әйелдерге, садақа беруші ерлер мен садақа беруші әйелдерге, ораза ұстаушы ерлер мен ораза ұстаушы әйелдерге, ұятты жерлерін қорғаушы ерлер мен әйелдерге, Алланы көп зікір етуші ерлер мен әйелдерге — Алла жарылқау және ірі сыйлық әзірледі», — деп баяндалған («Ахзаб» сүресі, 35-аят).

2. Әйелі күйеуін ренжіткен болса, күйеуі оған шыдауы керек. Ал күйеуі әйелін ренжіткен болса, күйеуі де әйелінің ренішін көтере білуі керек

Ер кісі әрқашан байсалдылық танытуы керек, әсіресе әйеліне қатысты мәселелерде шыдамдылық таныта білуі қажет. Сол кезде ғана шынтуайтындағы әйелдердің табиғаты мен мінезінің қандай екендігін түсіне алады. Бұл жайында ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

استوصوا بالنساء خيرا، فإنهنَّ خلقنَّ من ضلع، وإنَّ أعوجَ شيءٍ في الضلعِ أعلاه، فإنَّ ذَهَبَ تُقِيمُهُ كَسْرَتُهُ، وإنَّ ترْكُهُ لَمْ يزلْ أعوج، فاستوصوا بالنساء خيرا

«Әйелдеріңмен әрдайым жақсы мәміледе болыңдар. Ақиқатында, әйел заты қисық қабырғадан жаратылған. Түзетемін десең, сындырып аласың. Ал сол қалпы қалдыратын болсаң, қисық күйінде қалады. Сондықтан да әйелдеріңмен әрқашан жақсы қарым-қатынаста болыңдар!» (Бұхари, Мұслим).

3. Ері әйелін әрдайым қуантып отыруы керек, соның негізінде отбасында бақыт орнайды

4. Еріне әйелін қамтамасыз етуі міндетті

Ері әйелін және отбасын тамақпен, киіммен, бір сөзбен айтқанда нәпәкамен толықтай қамтамасыз етуі керек. Сонымен қатар ер кісі отбасына нәпақа жұмсауда әсіре ысырапқа жол берместен және тым таршылық түсірместен өз орнымен қамтамасыз етуі қажет.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде:

دِينَارٌ أَنْفَقْتَهُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ، وَدِينَارٌ أَنْفَقْتَهُ فِي رَقَبَةٍ، وَدِينَارٌ تَصَدَّقْتَ بِهِ عَلَى مِسْكِينٍ، وَدِينَارٌ أَنْفَقْتَهُ عَلَى أَهْلِكَ، أَعْظَمُهَا أَجْرًا الَّذِي أَنْفَقْتَهُ عَلَى أَهْلِكَ

«Алла жолында жұмсаған динарың үшін, құлдарды босатуға жұмсаған динарың үшін, тұрмысы төмендерге берген динарың үшін, сондай-ақ отбасыңа берген динарың үшін – зор сауапқа кенелесің», – деген (Бұхари, Мұслим).

5. Ері әйеліне діни тұрғыдан білім беруі керек

Ер кісі отбасында тек нәпақа табумен ғана емес, тәрбие жағынан да жауапты. Әсіресе, діни тұрғыда әйеліне шарият ілімдерін үйретуі тиіс. Өзі үйрете алмаса, әйелдер білім алатын орындарға баруына, діни ілім алуына мүмкіндік жасауы қажет. Яғни ері әйеліне жұмсақ мәміле таныта отырып, ислам нормаларын орындауға үйретуі керек. Мысалы, парыз болған намаз оқу, рамазан айында ораза ұстау және т.б.

Қасиетті Құранда:

وَأْمُرْ أَهْلَكَ بِالصَّلَاةِ وَاصْطَبِرْ عَلَيْهَا لَا نَسْأَلُكَ رِزْقًا نَحْنُ نَرْزُقُكَ وَالْعَاقِبَةُ لِلتَّقْوَى

«Үй-ішінді намазға бұйыр және өзің де оған көңіл бөл. Біз сенен ризық тілемейміз. Сені біз ризықтандырамыз. Соңғы табыс тақуаға тән», – деген («Таһа» сүресі, 132-аят).

6. Ерінің жақындасу ісі біткеннен кейін әйелінің келісімінсіз төсектен тұрып кетуі жөн емес

Егер ері әйелін қанағаттандырмайтын болса, онда әйелінің алдында орындайтын міндеттерін толық атқармаған болады. Бұл ерлі-зайыптылардың арасында жанжал мен ажырасуына алып келуі мүмкін. Сондықтан ері әйелінің сезімдерін бағалап, оған мейрімділік танытып, құрметтеуі керек.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде:

ثَلَاثٌ مِنَ الْعَجْزِ فِي الرَّجُلِ: أَنْ يَلْقَى مَنْ يُحِبُّ مَعْرِفَتَهُ فَيَفَارِقَهُ قَبْلَ أَنْ يَعْلَمَ اسْمَهُ وَنَسَبَهُ ، وَالثَّانِي: أَنْ يُكْرِمَهُ أَحَدٌ فَيَرُدُّ عَلَيْهِ كِرَامَتَهُ ، وَالثَّلَاثُ: أَنْ يَقَارِبَ الرَّجُلُ جَارِيَتَهُ أَوْ زَوْجَتَهُ فَيُصِيبُهَا قَبْلَ أَنْ يُحَدِّثَهَا وَيُؤَانِسَهَا، وَيُضَاجِعَهَا فَيُفْضِي حَاجَتَهُ مِنْهَا قَبْلَ أَنْ تَفْضِيَ حَاجَتَهَا مِنْهُ (رواه الديلمي)

«Үш нәрсе ер адамды кемшін (әлсіз) етеді. Біріншісі: бір адамды кезіктіріп, онымен танысқысы келген кезде, таныса

алмай не оның есімін не шыққан тегін біле алмай, айырылып қалса. Екіншісі: берілген жомарттықты өз мөлшерінде пайдалана алмаса. Үшіншісі: ерлі-зайыптық қатынас кезінде ерінің әйелінен өзіне қажетті мөлшерде қажеттіліктерін алғаннан кейін кетіп қалуы, ал ол кезде әйелінің ерінен алатын қажеттілігі әлі толық қанағаттанарлық болмауы мүмкін» (Дәйлами).

7. Ері әйелін ұнатпайтын болса, оны кемсітпеу

Кейде әйелінің кейбір мінезі еріне ұнамауы мүмкін. Алайда мұндай кезде ер кісі сабыр етіп, ұнайтын қасиеттерін есіне алуы қажет. Яғни әйелін сол мінезі үшін кемсітуге, ұялтуға немес төмен санауға болмайды.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің хадисінде:

لَا يَفْرَكُ مُؤْمِنٌ مُؤْمِنَةً إِنْ كَرِهَ مِنْهَا خُلُقًا رَضِيَ مِنْهَا آخَرَ

«Мүмин ер кісі мүмин әйелді жеккөрмеуі керек. Егер оның (әйелінің) бойындағы бір кемшілік оған ұнамайтын болса, басқа жақсы қасиетіне қарасын», – деген (Мұслим).

8. Ері әйелін тыйым салынған нәрселерден қорғай алуы

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

اتَّقُوا اللَّهَ فِي النِّسَاءِ فَإِنَّكُمْ أَخَذْتُمُوهُنَّ بِأَمَانٍ مِنَ اللَّهِ وَاسْتَحْلَلْتُمْ فُرُوجَهُنَّ بِكَلِمَةِ اللَّهِ

«Әйелдермен қарым-қатынаста Алладан қорқыңдар. Ақиқатында, сендер оларды Алланың алдында аманат етіп алдыңдар және неке қию арқылы өздеріңе адал еттіңдер» (Мұслим).

Исламда ерлер мен әйелдердің құқықтары мен атқаратын міндеттері арасында біршама айырмашылықтар бар. Дегенмен исламда мұсылман әйелдердің құқықтары кемсітілмейді. Исламдағы әйел құқықтарының тапталуы ол жалған ақпарат. Исламда ер мен әйелдің қабілеттері мен мүмкіндіктері әр түрлі болғандықтан осылай айтылған.

Осыған орай, ерлер мен әйелдерге қойылатын талаптар да әр түрлі. Осы талаптар олардың мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сай етіп көрсетілген.

Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

كَلِمَ رَاعٍ ، وَكُلُّكُمْ مَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ وَالْأَمِيرُ رَاعٍ ، وَالرَّجُلُ رَاعٍ عَلَى
أَهْلِ بَيْتِهِ ، وَالْمَرْأَةُ رَاعِيَةٌ عَلَى بَيْتِ زَوْجِهَا وَوَلَدِهِ ، فَكُلُّكُمْ رَاعٍ ، وَكُلُّكُمْ
مَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ

«Сендердің әрбірің бақташысыңдар, сондықтан әрқайсың өз қарамағыңдағылар үшін жауаптысыңдар. Басшы да жауапты, сол секілді ер адам да өзінің отбасы үшін жауапты. Әйел де өзінің күйеуі мен балаларына жауапты. Сондықтан, сендердің әрқайсың өз қарамағыңдағыларға жауаптысыңдар», — деген (Бұхари, Мұслим).

Ерлі-зайыптылар бір-бірін әрдайым қолдау керек болғанымен кей кездері олардың арасында түсініспеушіліктер болып тұрады. Мұндай қарым-қатынастар кезінде ертелі-кеш күш көрсету орын алуы мүмкін. Өйткені ер кісі өзін басшы ретінде санайды, әйелінің бойсұнғанын, айтқанын орындау керектігін көргісі келеді. Міне осындай кездері Жаратушы Алланың әмірі орындалмай қалады. Олар отбасының мүшесіне тән, яғни ерлі-зайыптының атқаруы керек міндеттері мен құқықтарын қаперлерінен шығарып қояды. Алайда ер кісінің де, әйелдің де Алла Тағаланың алдында өз міндеттері бар. Олар Алла Тағаланың алдында тең. Осыған орай біз қасиетті аяттан мысал келтіруден бастадық. Қасиетті Құранда:

مَنْ عَمِلَ صَالِحًا مِّنْ ذَكَرٍ أَوْ أَنْتَى وَهُوَ مُؤْمِنٌ فَلَنُحْيِيَنَّهٗ حَيَاةً طَيِّبَةً وَلَنَجْزِيَنَّهُمْ
أَجْرَهُمْ بِأَحْسَنِ مَا كَانُوا يَعْمَلُونَ

«Ер немесе әйелден кім сенген бойда, түзу іс істеген болса, әлбетте біз оларды жақсы тіршілікте жасатамыз (өмір сыйлаймыз). Әрі оларға істеген істерінен де жақсырақ сый береміз», — деген («Нахл» сүресі, 97-аят).

Отбасындағы зорлық-зомбылық жайында атап өтетін жағдай шаңырақтағы тұрмыстық зорлық-зомбылық тек қана ұрып-соғудан тұрмайды. Сонымен қатар бопсалау, қоқанлоққы көрсету, психологиялық, физикалық, жыныстық, қаржылай шектеу сипаттардағы зорлық көрсету әрекеттері де жатады.

Мұнымен қоса исламда ерлі-зайыптыларға некеге тұрмастан жыныстық қатынасқа түсуге рұқсат етілмеген. Бұл әрбір ерлі-зайыптылар үшін маңызды. Некеге тұру үшін әл-ауқатына, ұлтына қарамайды. Бұл әрдайым өзекті болып келе жатқан мәселелердің бірі.

Отбасында болатын зорлық-зомбылық ол тек бір рет қана болған немесе болатын жағдай емес, әдетте бұл қалыптасып қалған үрдіс. Осылайша агрессор өзінің жәбірленушісін қорқытып, оны бақылауда ұстау үшін жасап отырады. Егер осындай жағдайларға жәбірленуші ұзақ шыдай беретін болса, онда жағдай бұдан да қатты ушығып кетуі мүмкін.

Зорлық-зомбылық жынысқа қарамайды, ол жиі жасалынатын әрекет болғанымен, көп жағдайда бұған тек көбінесе әйелдер ғана тап болады. Мұндай жағдайларда тек жәбірленуші ересек адамдар ғана емес, сонымен қоса олардың балалары да тікелей немесе іштей психологиялық зардап шегеді. Хадисте былай деп айтылған:

وَلَمَّا وُلِدَ فَرِحَ بِهِ النَّبِيُّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ - فَرِحًا شَدِيدًا، وَكَانَ يَحِبُّهُ حُبًّا شَدِيدًا يَظْهَرُ لِأَصْحَابِهِ؛ حَتَّى وَصَفَ أَنَسُ - رَضِيَ اللهُ عَنْهُ - مَا كَانَ مِنَ النَّبِيِّ - عَلَيْهِ السَّلَامُ - تَجَاهَ ابْنِهِ؛ فَقَالَ: "مَا رَأَيْتَ أَحَدًا كَانَ أَرْحَمَ بِالْعِيَالِ مِنْ رَسُولِ اللهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، وَلَعَلَّ النَّبِيَّ - عَلَيْهِ السَّلَامُ - يَكُونُ مَعَ أَصْحَابِهِ فِي عَوَالِي الْمَدِينَةِ، فَيَذَكُرُ ابْنَهُ إِبْرَاهِيمَ، فَيَذْهَبُ يَنْظُرُ إِلَيْهِ، وَيَقْتَبِلُهُ، وَيَرْجِعُ لِأَصْحَابِهِ.

Әнәс ибн Мәлик «Мен өзімнің өмірімде Мұхаммед Пайғамбарымыздан асқан мейрімді адамды көрмедім. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Мәдинада сахабалармен отырған кезінде ұлы Ибраһим жайлы жиі еске алатын. Сосын үйіне барып, ұлын қолына алып, онымен сөйлесіп, қолында ұстап жүрген кезінде оған бірдеңелер айтып, баланы сүйіп, құшақтап, кейін қайта біздің жанымызға келетін», — дейді (Мұслим).

Әрбір бала және нәресте жайлы айтылған хадистерде біз Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) балаларға деген зор махаббатын, мейрімділігін көреміз. Хадисте:

اعدلوا بين أولادكم ، اعدلوا بين أولادكم ، اعدلوا بين أولادكم
(رواه البخاري ومسلم)

«Өз балаларыңның арасында әділетті болыңдар, өз балаларыңның арасында әділетті болыңдар, өз балаларыңның арасында әділетті болыңдар», – деп үш рет қайталап айтқан (Бұхари, Мұслим).

Келесі хадисте:

أَيَسَ مِنْ أُمَّتِي مَنْ لَمْ يُجَلِّ كَبِيرَنَا، وَيَرْحَمْ صَغِيرَنَا، وَيَعْرِفَ لِعَالِمِنَا حَقَّهُ

«Біздің арамызда жасы үлкендерді құрметтемегендер, арамыздағы кішіге мейрімділік танытпағандар, арамыздағы ғалымдарымызға тиісті құрмет көрсетпегендер менің үмметім болып саналмайды», – деген (Ахмад).

Қазіргі кезде әрбір минут сайын әйелдерге жасалынатын зорлық-зомбылық әрекеттері исламға дейінгі кезді суреттейтіндей. Ол кезде дәрекі және қатал ер адамдар өздерінің әйелдерін айуандықпен қинаған.

عَنْ إِبْرَاهِيمَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي ذُبَابٍ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ:
لَا تَضْرِبُوا إِمَاءَ اللَّهِ

Ияс ибн Абдулла ибн Әбу Зубабтың (Алла оған разы болсын) айтуы бойынша Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Алланың құлдарын ұрмаңдар!» (Әбу Дәуіт).

Жақсы өмірді армандап, қамқорлық пен қорғауды үміт етіп тұрмысқа шыққан әлсіз әйелді ұру күнә әрі әділетсіздік болып саналады.

Әйел – Құдайдың ер кісіге берген сыйы. Оны сақтау жауапкершілігі ер адамға жүктеледі.

Әбу Һұрайрадан жеткен хадисте ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

أَكْمَلُ الْمُؤْمِنِينَ إِيمَانًا أَحْسَنُهُمْ خُلُقًا ، وَخَيْرُهُمْ خِيَارِكُمْ لِنِسَائِهِمْ

«Сендердің араларыңда иман тұрғысынан ең кәміл мұмин кісі мінез-құлқы жақсы болған адам. Сендердің ең жақсыларың әйелдеріңе жақсы қарағандарың», – деген (Тирмизи, Ахмад).

Ғалымдар отбасында болатын зорлық-зомбылықтың шаңырақтағы жағдайды шайқалтатындығын және соның кесірінен отбасы бұзылатынын айтып кеткен. Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық некедегі ең жақсы эмоцияларды да жойып жібереді. Мысалы, сүйкімділік, мейрімділік, бір-біріне деген құрмет, түсіну және махаббат сынды сезімдерді жойып жібереді. Сол үшін ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде:

خَيْرُكُمْ خَيْرُكُمْ لِأَهْلِهِ وَأَنَا خَيْرُكُمْ لِأَهْلِي

«Сендердің араларыңда ең жақсыларың өз отбасына жақсы болғандарың. Мен сендердің араларыңда өз отбасына ең жақсы қараған адамның бірімін», – деген (Ибн Мәжа).

Ана болу мүмкіндігі және әйелдердің репродуктивті денсаулығын сақтау

Репродуктивті денсаулық түсінігі ол 1994 жылы Каир қаласында болған — жалпыхалықтық және даму бағытындағы Халықаралық конференцияда қабылданған, ол физикалық, әлеуметтік, саналы денсаулықтың жақсы болуын білдіреді, ал көп жағдайда бұл түсінік тек қана репродуктивтік системаға немесе ол атқаратын қызметтер мен онда болатын үрдістердің жағдайына қатысты қолданылып келген. Репродуктивті денсаулықтың жақсы болуы адамдардың жыныстық белсенділіктері кезінде ләззат алу, қанағаттану, қауіпсіз жыныстық қатынасты білдіріп, осыларды істеу кезіндегі уақытты, жиілігін және не себепті жасалынатындығын анықтау мен қолдануға мүмкіндікті білдіреді. Репродуктивті денсаулық адам денсаулығының маңызды бөлігі және адам дамуындағы орта маңызға ие.

Репродуктивті құқықтар адам құқықтарының маңызды бір бөлігі болып табылады. Репродуктивті құқықтар — репродуктивті мәселелерге байланысты адамның құқықтары. Пекин іс-қимыл платформасына сәйкес (1995 ж.) Репродуктивті құқықтар «барлық ерлі-зайыптылардың және жеке адамдардың өз балаларының саны, олардың туу уақыты мен туған уақыты арасындағы жауапты шешімдерді еркін қабылдауға, бұл үшін қажетті ақпарат пен құралға ие бола отырып және негізгі құқығын тануға негізделген, сонымен қоса жыныстық және репродуктивті денсаулықтың мүмкін болатын ең жоғары деңгейіне қол жеткізу құқығы».

Ата-аналардың қалауы бойынша және денсаулығы мықты балалар дүниеге келуі үшін және жауапкершілікті сезіну үшін қазіргі әрбір адам өзінің репродуктивті денсаулығын сақтауды білуі керек:

1) Бала тууға оңтайлы жас ол 25-35 жас аралығы

Егер жүктілік ертерек немесе кешірек болса, онда бұл асқынулармен жалғасады және ана мен баланың денсаулығына байланысты проблемалар ықтималдығы жоғары болатындығы дәлелденген.

2) Бала босану арасындағы шек 2-2,5 жыл аралық сайын болып отыруы керек

Бұл әйелге болашақта босану үшін қалпына келуге, өзінің денсаулығы мен болашақ балалардың денсаулығын сақтауға, сондай-ақ баланың ана сүтімен емуіне деген құқығын толық құрметтеуге мүмкіндік береді.

Бұл жайлы Құран Кәрімде нақты айтылған:

وَالْوَالِدَاتُ يُرْضِعْنَ أَوْلَادَهُنَّ حَوْلَيْنِ كَامِلَيْنِ لِمَنْ أَرَادَ أَنْ يُتِمَّ الرَّضَاعَةَ

«Емізуді тамамдағысы келген кісі үшін аналар, балаларын толық екі жыл емізеді. Егер әке-шеше ризалықпен кеңесіп, (омыраудан) айыруды қаласа, сонда екеуіне де күнә жоқ» («Бақара» сүресі, 233-аят).

3) Сенімді контрацепция әдісін таңдау

Ислам діні адамдарға жақындық кезінде контрацепциялармен қорғауға мүмкіндік береді, бірақ егер бұл үшін белгілі бір себептер болса, мысалы, ерлі-зайыптылардың біреуінің ауруы. Алайда балалы болғыңыз келмейтіндіктен үнемі контрацепцияларды қолдануға кеңес берілмейді, өйткені балалы болу — сауапты іс.

Сонымен қоса «баланы асырауға қатысты үрей» болмауы керек, ол жайлы Құранда:

وَلَا تَقْتُلُوا أَوْلَادَكُمْ خَشْيَةَ إِمْلَاقٍ نَحْنُ نَرْزُقُهُمْ وَإِيَّاكُمْ إِنَّ قَتْلَهُمْ كَانَ خِطْءًا كَبِيرًا

«Кедейшіліктен қорқып, баларыңды өлтірмеңдер. Біз оларды да сендерді де қоректендіреміз (ризық-несібе береміз). Расында оларды өлтіру зор қателік», — деп айтылған («Исра» сүресі, 31-аят).

4) Зинақорлықтан сақтану

Зина (некесіз қатынас) исламдағы ең ауыр күнәлардың бірі. Бұл некеге тұрмаған ер мен әйел арасында (өз қалауларымен) жасалатын жақындық.

Алла Тағала Құранда:

وَلَا تَقْرُبُوا الزَّوْجَ إِنَّهُ كَانَ فَاحِشَةً وَسَاءَ سَبِيلًا

«Зинаға жоламаңдар. Өйткені, ол анық арсыздық және жаман жол», – деп бұйырған («Исра» сүресі, 32-аят).

Егер бұл мәселеге медициналық тұрғыдан қарайтын болсақ, онда зинаның әсерінен қаншама ауру таралып жатқанын көруге болады, олардың көпшілігі адам денсаулығына орны толмас зиян келтіреді.

Бұл жайлы Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

لم تظهر الفاحشة في قوم قط حتى يعلنوا بها، إلا فشا فيهم الطاعون،
والأوجاع التي لم تكن مضت في أسلافهم الذين مضوا. حديث حسن،
(رواه ابن ماجه)

«Егер зинақорлық пен жыныстық күнәлардың барлығы ашық және жиі жасалатын болса, сондай-ақ қандай да бір топтардың немесе халықтың тыйым салусыз жасалатын болса, онда Алла Тағала ол адамдардың (топтардың) жазасын ата-бабалары білмеген, көрмеген жаңа эпидемиялар, аурулар жіберіп, жазалаймын», – деп айтқан (ибн Мәжа).

5) Ерлер мен әйелдердегі бедеуліктің себебі болып табылатын жыныстық жолмен берілетін инфекцияларды (ЖЖБИ) алып тастау және емдеу

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп айтқан:

لِكُلِّ دَاءٍ دَوَاءٌ فَإِذَا أُصِيبَ دَوَاءُ الدَّاءِ بَرَأَ بِإِذْنِ اللَّهِ عَزَّ وَجَلَّ

«Әрбір аурудың (дерттің) дауасы бар. Егерде емдейтін дәріні тапқан болсаңдар, ем тек Алланың қалауымен жүзеге асады» (Мұслим).

6) Жүктілік пен босануды жоспарлау

7) Босанғаннан кейін әйел кісі бірінші етеккірге дейін жүкті бола алады. Сондықтан жыныстық белсенділікті бастамас бұрын контрацепцияның сенімді әдісін таңдауыңыз керек.

Отбасын жоспарлаудың мағынасы – ерлі-зайыптылар бір-бірімен ақылдасқаннан кейін, қажетсіз жүктіліктің алдын алу және керісінше, қалаған жүктілікке жағдай жасау әдістерін қолдана отырып, қашан, қанша және қай уақытта балалы болу керек деген шешімге келеді. Сәтті босану, соның ішінде білім беру, ЖЖБИ алдын-алу және емдеу, бедеулік жағдайларын қарастыру және басқару, содан кейін Жаратушының қалауына сүйену керек.

Кейбір амалдарды қолдану немесе сақтық шараларын қолдану тәуекелге (Аллаға сенім артуға) қайшы келмеуі керек. Алланың Ұлылығына әрдайым сенім арту керек.

Әнас ибн Малик (Алла оған разы болсын) жеткізген деректе бірде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бәдәуидің (шөл арабы) жалпы намазға келген кезде түйесін байламай, оны бос жібергенін байқаған. Әлгі бәдәуиге: «Неге түйені байламайсың?» – деп сұрайды. Сонда ол: «Мен Аллаға тәуекел еттім», – деп жауап береді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оған: *«Түйені әуелі байла, содан кейін Аллаға тәуекел ет»*, – деп ескертеді (Тирмизи).

Босануды бақылауға алу, яғни жүктілікті алдын ала жоспарлау абортты болдырмайды.

Жанұя болуды жоспарлау

Жанұя болуды жоспарлау дегеніміз — ерлі-зайыптылардың қашан және қанша бала болатындығын еркін және жауапкершілікпен шеше алуы, сонымен қатар бұны жасауға қажетті ақпараттардың болуы мен қаржыландыруға мүмкіндіктің болуы. Мұнымен қоса ЖЖБИ-ны алдын-алу және емдеуді қоса алғанда, барлық қауіпсіз құралдар мен әдістердің көмегімен саналы түрде осы таңдауды жасау үшін ақпарат пен құралдарға ие болу, жүктіліктің алдында немесе бедеулік енгізілген кезде кеңестер алу.

Сахабалар Мұхаммед Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жеке өмірлеріне қатысты сұрақтармен жиі келетін. Тіпті оның ізбасарларының ішінен әйелдер де некеге қатысты сұрақтармен келетін. Олар ақиқатты білуден ұялмайтын, ал Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оларға шындықты айтудан ұялмаған, өйткені ол Құранда былай деп айтылған:

وَاللَّهُ لَا يَسْتَحْيِي مِنَ الْحَقِّ

«Алла Тағала шындықты айтудан ұялмайды» («Ахзаб» сүресі, 53-аят).

Ислам дінінде білім алу үшін некеге және жақын қарым-қатынасқа қатысты мәселелерді зерттеп, талқылаудың еш жаман жері жоқ. Қазір «жыныстық тәрбие» туралы ақпарат дөрекі және бұрмаланған түрде беріліп, мұсылмандар мен басқалар арасында күлкілі мифтер пайда болып жатқан кез.

Бала көтеруге қатысты барлық исламдық мектептер (мәзһабтар) «көп болса, соғұрлым жақсы» деген бірауыздан пікір айтады. Бірақ, ғалымдардың көпшілігінің пікірінше кез келген контрацепция ерлі-зайыптылар арасындағы өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластықты қамтамасыз ету үшін екі ерлі-зайыптылардың келісімімен қолданылуы керек.

Сонымен, осы тарауда біз жүктіліктің басталуын кешіктіретін, бірақ бала көтеру қабілетін жоймайтын әдістер туралы, сондай-ақ шарият тұрғысынан түсіндіріп, пәтуа беру арқылы ерлі-зайыптыларға бала көтеруге көмектесетін әдістер туралы

(Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының шарият және пәтуа бөлімінің діни көзқарастары негізінде) айтатын боламыз.

1. Азл (үзілген жыныстық қатынас) әдісі

Азл — жүктілікті болдырмау үшін жыныстық қатынасты ұзу арқылы ұрықтың жатырға енуіне жол бермеу.

Хадисте:

كُنَّا نَعْرُزُ عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ فَبَلَغَ ذَلِكَ رَسُولَ اللَّهِ فَلَمْ يَنْهَنَا. رواه البخاري

«Біз азл әдісін Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) заманында қолданғанбыз. Осыны біле тұра Ол бізге «бұны істеуге болмайды», — деп айтқан емес» (Бұхари).

Мулла Али әл-Қари: «Себебі бұл балалы болу мен ләззат алу үшін әйелдің жыныстық қатынас кезінде алатын ләззатына байланысты», — деген.

2. Лактациялық аменорея әдісі

Лактациялық аменорея әдісі бұл емізетін және нәрестесі ана сүтінен басқа ешқандай тамақ ішпейтін, бала емізетін әйелдердің босанғанынан кейін 6 ай уақыт аралығында жүктілікті болудан қорғайды деген фактіге негізделген әдіс. Бұл әдіс әйелдерге босанғаннан кейін менструалды цикл қалыпқа келмегенше ешқандай контрацепция әдістерін қолданбауға мүмкіндіктер береді. Лактациялық аменорея әдісі өзінің әсерлігін 98% сақтайды, егерде мына үш шарт сақталса:

- Аменорея сақталады;
- Нәрестені әйел міндетті түрде емшекпен емізеді, баланың қалауы бойынша бір күнде әрбір 4 сағат сайын емізіп тұру керек, ал түнгі уақытта әрбір 6 сағат сайын баланы емізіп тұруы керек;
- Баланың жасы 6 айға дейінгі болуы керек.

3. Табиғи контрацепция түрлері

Табиғи контрацепция жүктілік туындауы мүмкін етеккір циклінің нақты уақыттарын (күндерін) білуге негізделген. Табиғи әдістерді

қолдану осындай кезеңдерде жыныстық қатынастан аулақ болуды керек етеді. Табиғи әдістің тиімділігі 70%.

Сондай-ақ, «базальды температураны» бақылау әдісі де бар (ұйқыға жатар алдында, таңертең тамақтанар алдында немесе ішер алдында дене температурасы) бақылаудан тұрады, осы көрсеткіштерді диаграммаға салу керек, сондай-ақ қынаптағы шырыштың өзгеруін, қоймалжыңдығын тексеруден тұрады.

4. Базальды әдіс (мүшеқап пен фемидом)

Еркектерге арналған мүшеқап — эрекция кезінде жыныстық мүшеге кигізілетін, ұзартылған қалың латекстан жасалынған арнайы қап. Мүшеқап ол жоспарланбаған жүктілікті болдырмауға арналған сақтану әдісі.

Әйелдерге арналған мүшеқап — (фемидом) — латекс түтігі. Бір ұшында сыртқы жыныс мүшелерінде мүшеқапты сақина сақтайды, екінші ұшы қынапқа енгізіледі.

Мүшеқаптарды бір рет қана қолдану керек, жыныстық қатынастан кейін ол мүшеқапты қоқысқа тастау керек.

5. Жатыр ішілік заттар (ЖІЗ)

Жатыр ішілік көп жағдайда спираль деген атпен ғана танымал болып келеді. ЖІЗ — кішкентай ғана пластикалық құрал, оның құрамында мыс немесе кіші ғана контейнердегі гормондар болады — құрамында гестагені бар затты дәрігерлер жатырдың ішіне орнатады осылай жоспарланбаған жүктіліктің алдын алуға болады.

6. Спермицидтер

Спермицидтер — жүкті болудан сақтану үшін тосқауылды әдістермен бірге немесе жекелей қолданылатын құралдар. Спермицидтер — құрамында химиялық заттар бар құрал, ол сперматозоидтарды бұзып, олардың жатыр ішіне кіруіне кедергілер жасайды.

Спермицидтердің эффективтілігі оны дұрыс қолдануына байланысты, тиімділігі 75-90%.

7. Қосарланған ауыздық контрацептивтер (гормоналды дәрілер немесе мини-пили)

Бұл құрамында әйелдерге арналған гормондары бар дәрілер, оны күнделікті белгіленген бір уақытта қабылдап отыру керек. Бұндай дәрілерді таңдауда білікті маман дәрігерлер кеңес беруі керек. Осы кезде дәрігер дәріні сіздің жеке организмдік ерекшеліктеріңізді ескеруі керек.

Әйелдер контрацептивті таблеткаларды қабылдаған кезде, олардың организмдерінде аналықжұмыртқа жасуша жетілмейді, осының негізінде жүктілік болмайды.

Жүктілікті болдырмау әсері контрацепциялық дәріні қабылдауды аяқтаған кезде қайта қалыпқа келеді. Дәріні қабылдау аяқталғаннан кейін екі-үш айдан кейін әйелдің репродуктивті қызметі қайта қалпына келіп, әйел жүкті болуы мүмкін болады.

8. Инъекциялық контрацептивтер

Инъекциялық контрацептивтер — тиімділігі өте жоғары, ұзақ қолдануға арналған контрацепция әдістерінің түрлерінің бірі. Бұндай инъекциялардың екі түрі бар, олар — Депо Провер (депо медроксипрогестерон ацетаты — ДМПА). Бұл препараттардың құрамында тек қана — гестаген гормондары бар, олар әйелдің организміндегі жұмыртқа жасушаларының жетілуі үрдісіне кедергілер жасайды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Ғұламалар кеңесі бұл мәселені акушер-гинекологтармен бірлесе отырып мұқият қарастырып, «Контрасцепция әдістері туралы» пәтуа шығарды, оның шешімі:

1. Әйелді өмір бойы балалы болу құқығынан айыратын әдістерді қолдануға тыйым салынады;

2. Дәрігерлердің ұсынысы бойынша әйелдің денсаулығын қалпына келтіру үшін контрацепцияның уақытша әдістерін қолдануға рұқсат етіледі;

3. Контрацепция әдістерін әйелдің рұқсатымен қолдануға рұқсат етіледі. Егер әйел босанғысы келсе немесе оның ана болу құқығын бұзуға, тыйым салынады. Яғни некедегі әйел балалы болуға құқылы.

Жасанды түсік (Аборт)

Жасанды түсік — жүктіліктің 22 аптаға дейін тоқтатылуы (шын мәнінде, ұрық өзінің өмірлік функцияларын сақтау үшін ана құрсағында болуы керек уақытқа дейін).

Құранда жүктілікті тоқтатуға қатысты тікелей аяттар жоқ, дегенмен бала өлтіруге қатысты аяттар бар:

يَا أَيُّهَا النَّبِيُّ إِذَا جَاءَكَ الْمُؤْمِنَاتُ يُبَايِعَنَّكَ عَلَىٰ أَنْ لَا يُشْرِكْنَ بِاللَّهِ شَيْئًا وَلَا يَسْرِفْنَ وَلَا يَزْنِينَ وَلَا يَقْتُلْنَ أَوْلَادَهُنَّ وَلَا يَأْتِينَ بِبُهْتَانٍ يَفْتَرِينَهُ بَيْنَ أَيْدِيهِنَّ وَأَرْجُلِهِنَّ وَلَا يَعْصِيَنَّ فِي مَعْرُوفٍ قَبَائِعِهِنَّ وَأَسْتَعْفِرُ لهنَّ إِنَّ اللَّهَ عَفُورٌ رَحِيمٌ

«Уа, Пайғамбар! Егер саған мұмин әйелдер, Аллаға еш нәрсені ортақ қоспауға, ұрлық жасамауға, зина жасамауға, балаларын өлтірмеуге, қол-аяқтарының арасынан бір жала жаппауға (теріс жолдан тапқан баланы өз еріне телімеуге) және ізгілік істеуге, өзіңе қарсы келмеу үшін алдыңа келген кезде, олардың серттерін қабыл ал. Олар үшін Алладан жарылқау тіле. Өйткені Алла, аса жарылқаушы, ерекше мейірімді» («Мұмтәхинә» сүресі, 12-аят).

Шариғатта өмірдің айқын белгілері бар эмбрион «жанин» деп аталады. Құрсақтағы «жанинге» өмір сүру құқығын құдіреті шексіз Алла Тағала береді. Осылайша, одан басқа ешкім «жанинді» өмірден айыруға құқылы емес. Яғни, ұрық (ана жатыранда) адам денесінің пішінін қабылдағаннан кейін және оның тіршілік етуімен тыныс алғаннан кейін жүктілікті тоқтатуға (аборт) тыйым салынған және ол харам.

Ғалымдар нақты жағдайларда ғана жасанды түсік жасауға рұқсат береді:

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Ғұламалар кеңесінің «Жүктіліктің жасанды араласуы туралы» берген шешімі бойынша:

1. Шариғат бойынша себепсіз жасанды түсік жасауға тыйым салынады (харам).

2. Ана құрсағындағы ұрыққа жан түскеннен кейін, яғни шарананың өмірі 120 күнге толғанда бірнеше сенімді дәрігерлердің медициналық қорытындысы бойынша, ана құрсағында жатқан ұрық анасының өміріне қауіп төндіретін болса, түсік жасатуға рұқсат етіледі.

3. Жатырдағы балада ақау анықталса немесе анасының денсаулығына қауіп төнсе, сонымен қатар шарананың өмірі 120 күнге толмаса, білікті мамандардың кеңесімен ата-ана баланы алу құқығына ие болады.

Көмекші репродуктивті технологиялар (ВРТ)

Көмекші репродуктивті технологиялар — бұл бедеулік терапиясының әдістері, онда эмбриондардың тұжырымдамасы мен ерте даму кезеңдерінің кейбіреулері немесе барлығы организмнен тыс жерде жүзеге асырылады.

Суррогаты ана болу.

Суррогат ана — бұл баланың тұжырымдамасы мен туылуына үш адам қатысатын репродуктивті көмекші технология:

1. Генетикалық әке ұрығын ұрықтандыруға берген және бала туылғаннан кейін әке міндеттерін орындауға келіскен адам;

2. Генетикалық ана ұрықтандыру үшін жұмыртқасын берген және бала туылғаннан кейін анасының міндеттерін өз мойнына алуға келіскен адам;

3. Суррогат ана өтеулі немесе өтеусіз негізде генетикалық ата-анадан баланы көтеруге және босануға келісетін және осы баланың анасы ретінде көрінбейтін, бала туатын жастағы әйел.

Ислам тұрғысынан баланы туғызудың бұл әдісіне рұқсат етілмейді. Өйткені бұл процеске үшінші тараптың қатысуы мүлде қате және мұнда ер мен әйелдің некелі болуы шарт.

Тыйым салудың тағы бір себебі — исламда зинақорлық пен оған жақындататын барлық нәрселерге тыйым салынған. Ислам діни тегін сақтауға, туыстық қатынасты сақтауға үлкен көңіл бөледі. Үшінші тұлғаның болуы шежірені (баланың тегін) шатастырады. Баланың шығу тегі нақты болуы керек.

Исламда әр баланың шежірелік тұқымға құқығы бар, яғни әкесі мен шешесі болуы керек. Ал суррогат ана болу кезінде сұрақ туындайды: ақыр соңында, баланың нағыз анасы — баланың өз анасы ма? Әлде оны жүктілік кезінде көтеріп, оны босанған немесе генетикалық материалды берген анасы шынымен оның өз анасы ма? Осындай кезде баланың анасын анықтау қиын. Ал негізінен ақиқатында баланың анасы нақты белгілі болуы керек.

Қасиетті Құранда болашақ баланың анасы өзінің аналық жасушасын берген ана емес, керісінше оны босанған, дүниеге алып келген әйел сол баланың анасы болады делінген:

إِنَّ أُمَّهَاتُهُمْ إِلَّا اللَّائِي وَلَدْنَهُمْ وَإِنَّهُمْ لَيَقُولُونَ مُنْكَرًا مِّنَ الْقَوْلِ وَزُورًا وَإِنَّ اللَّهَ لَعَفُوفٌ غَفُورٌ

«... Олардың аналары өздерін тапқандар ғана. Сөзсіз олар теріс әрі өтірік сөз сөйлейді. Шынында Алла өте кешірімді, ерекше жарылқаушы» («Мужәдәлә» сүресі, 2-аят).

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының «Суррогаттық болған ана жайлы» шешімі:

1. Бала көтеруге өз еркімен келіскен басқа әйелдің жатырына жасанды ұрықтандырылған жұмыртқаны трансплантациялауға тыйым салынады.

2. Әйелдің құрсағын бейтаныс адамдарға сатуға немесе қарызға қолдануға және уақытша беруге болмайды.

In vitro ұрықтандыру (IVF) (экстракорпоральды ұрықтандыру)

Экстракорпоральды ұрықтандыру (лат. Extra — сыртында және лат. Corpus — дене, яғни денеден тыс ұрықтандыру, қысқартылған ЭКО). Синонимдер: «экстракорпоральды ұрықтандыру», «қолдан ұрықтандыру».

ЭКО кезінде жұмыртқаны әйелдің (жұбайының) денесінен шығарып, «пробиркаға» жасанды жолмен ер адамның (жұбайының) сперматозоидтарымен ұрықтандырады, нәтижесінде пайда болған эмбрион инкубаторда сақталады, ол 2-5 күн дамиды, содан кейін эмбрион әйелдің жатыр қуысына қарай жіберіліп, ол ары қарай дамиды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мұсылман қауымына ана болу мен әке болу мүмкіндігіндегі маңыздылығын ескере отырып, туындаған маңызды сұрақтарын айналып өтпеді. ҚМДБ Ғұламалар кеңесі «Жасандырушы ұрықтандыруға» пәтуа шығарды, оның шешімі:

«Егер ұрықтандырудың жоғарыда аталған «ішкі» және «сыртқы» әдістерімен сперматозоидтар мен ерлі-зайыптыларға тиесілі жұмыртқа ұрықтандырылып, ұрықтанғаннан кейін жұмыртқа алынған әйелдің жатырына берілсе, онда бұл әдіс шарифатта рұқсат етілген. Ал басқа жағдайларда, туыстық қатынастың болу мүмкіндігіне және «зина» (зинақорлық) ұғымының пайда болуына байланысты, бұл әдіске шарифат тыйым салады. Сонымен қатар, Алла Тағала адамдарды жаратып, оларды өзінің басқа жаратылыстарының арасында жоғарылатқан, сондықтан адамдар өздерінің денелерінің кез келген бөліктерін, тіпті тұқымдарын сатуға құқылы емес» делінген.

Осы келтірілген шариғи дәлелдер пәтуалардың толық мәтінін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының «Пәтуа жинағында», сондай-ақ оның ресми порталынан <http://fatua.kz> көруге болады.

Жүктілік кезде және кейін әйелді қолдаудағы ердің ролі

Ислам дінінде жүктілік Алланың берген ең үлкен рақымы ретінде қарастырылады. Адамның ең маңызды функцияларының бірі — ұрпақ жалғастыру. Мұндай миссияны жүзеге асыруды Алла Тағала әйелдерге жүктеген.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

ذَكَرَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْجِهَادَ فَقَالَتْ امْرَأَةٌ لِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: يَا رَسُولَ اللَّهِ فَمَا لِلنِّسَاءِ مِنْ هَذَا شَيْءٍ؟ فَقَالَ: بَلَى، لِلْمَرْءِ مَا بَيْنَ حَمْلِهَا إِلَى وَضْعِهَا إِلَى فَطَامِهَا مِنَ الْأَجْرِ كَالْمُرَابِطِ فِي سَبِيلِ اللَّهِ، فَإِنْ هَلَكْتَ كَانَ لَهَا مِثْلُ مَنْزِلَةِ الشَّهِيدِ

«Әйел жүктілік кезінде, босану кезінде немесе нәрестені емізу кезінде Алланың жолында тұрған күзетші ретінде болады, ал егерде осындай кездерде ол қайтыс болса, онда оның сауабы шейіт сияқты болады» (Табарани).

Кез келген жүкті әйел эмоционалды ауытқуларды, қорқыныш пен дәрменсіздікті сезінеді. Және дәл осы кезеңде (бұрынғыдан да көп) оған жұбайының қолдауы мен тіреуін қажет етеді.

Хадисте Әсуәд Айша анамыздан Пайғамбарымыздың үйде қандай істермен айналысатынын сұрағанда:

عن الأسود قال: سألت عائشة: ما كان النبي صلى الله عليه وسلم يصنع في بيته؟ قالت: كان يكون في مهنة أهله - تعني: خدمة أهله، فإذا حضرت الصلاة خرج إلى الصلاة (البخاري)

«Ол әрдайым өзінің зайыптарына көмектесіп жүретін. Ал намаз уақыты басталған кезде, ол мешітке баратын», — деп жауап берген болатын (Бұхари).

أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَجَّ بِنِسَائِهِ حَتَّى إِذَا كَانَ بِبَعْضِ الطَّرِيقِ نَزَلَ رَجُلٌ فِسَاقٌ بِهِمْ فَأَسْرَعَ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَذَلِكَ سَوْفَكَ بِالْقَوَارِيرِ يَعْنِي النِّسَاءَ فَبَيْنَا هُمْ يَسِيرُونَ بَرَكَ بِصَفِيَّةَ ابْنَةَ حَبِيبٍ جَمَلُهَا وَكَانَتْ مِنْ أَحْسَنِهَا ظَهْرًا فَبَكَتْ وَجَاءَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَتَّى أَخْبَرَ بِذَلِكَ فَجَعَلَ يَمْسَحُ نَمْرًا بِإِصْبَعِهِ

«Бірде қажылық парызын өтеген кезде түйе кенеттен алдыңғы аяқтарына түсіп кетті. Жануардың бұндай ісін күтпеген Сафия жерге құлап, түйенің бұл ауыртпалығынан, жылап жіберді. Сол кезде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оның жанына келіп, көзінің жасын өз қолымен сүртіп оны жұбатты» (Хайсами).

Осының өзі Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әрдайым әйелдеріне жақсы қарағандығын, мейрімділігін көрсетеді.

Біз әкелерге немесе болашақ әкелерге қажет болуы мүмкін бірнеше кеңестер келтіреміз:

- Әйелді барлық жүктілік кезінде қолдап, оған көмектесіңіз
- Босанғанға дейінгі клиникаларға бірге барыңыз
- Жүктілік және босану туралы кітаптардан, жүктілік туралы жаңалықтар бағдарламасынан, жүкті әйелдерде болатын физиологиялық және психологиялық өзгерістер туралы көбірек біліңіз
- Баламен жатырда сөйлесіңіз
- Тоғыз айда баланың туылуына қаржылай ғана емес, психологиялық тұрғыдан да дайындалуға тырысыңыз
- Сіздің сыйлықтар жасап, назар аудару белгілеріңіз арқылы әйеліңізді босанудың қиын кезеңінен өткенімен құттықтаңыз
- Бала туылған кезде рәсімдер мен дәстүрлерге көмектесу керек
- Жұбайыңызға және балаларыңызға, туылған және әлі құрсағындағылар үшін үнемі дұға жасаңыз

Ислам әйелдердің еркектерге қарағанда нәзік, сезімтал және эмоционалды табиғаты бар екенін, ал ер адамдар оларға сәйкесінше қарым-қатынас жасауы керек деп санайды. Бұл өз кезегінде ерлі-зайыптылардың өз араларында одан да күшті сүйіспеншілігінің артуына, отбасының денсаулығына, бақыты мен болашағына деген сенімділікке кепілдік береді.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) түйе мініп бара жатқан әйелдерді көріпті. Түйе жетектейтіндер түйелерді жылдам айдаған кездерінде, оның түйеде отырған әйелдерге ыңғайсыздықтар тудырғанын көріп, Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оған былай деп айтыпты: «Сен нәзік шыны сандықтарды апара жатсың, сондықтан оларға абай бол» (Бұхари).

Ата-ана болу жауапкершілігі

Ата-ана атану — Алла Тағаланың адамзатқа сыйлаған ұлы нығметі. Ислам діні бойынша ата-аналар қайтыс болғаннан кейін де балаларының дұғасы арқылы садақа жарияға (сауабы үзілмейтін садақа) ие бола алады. Яғни артында қалған перзентінің жасаған дұғасы және жақсылық жасауы оларға үлкен пайдасын тигізе алады.

Әбу Һұрайрадан (Алла оған разы болсын) келген хадисте Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

إِذَا مَاتَ الْإِنْسَانُ انْقَطَعَ عَنْهُ عَمَلُهُ إِلَّا مِنْ ثَلَاثَةٍ: إِلَّا مِنْ صَدَقَةٍ جَارِيَةٍ، أَوْ عِلْمٍ يُنْتَفَعُ بِهِ، أَوْ وَلَدٍ صَالِحٍ يَدْعُو لَهُ

«Адам қайтыс болған кезде оның барлық амалдары тоқтайды, тек мынадай үш амалды атқарған кісінің (ол қайтыс болғаннан кейін де) сыйы (сауабы) жалғаса береді: біріншісі: садақа жария (сауабы үзілмейтін қайырымдылық садақалар) жасаған болса; екіншісі: адамдар қолдана алатын пайдалы білім қалдырса; үшіншісі: ата-анасы үшін дұға жасайтын салиқалы ұрпақ» (Бұхари, Мұслим).

Қазіргі әлемде көптеген адамдар «Бала құқықтары туралы конвенцияға» сенеді, иә, бұл таңғажайып құжат, бірақ біз 1400 жыл бұрын Мұхаммед Пайғамбардың балалардың құқықтары мен ата-аналардың балалар алдындағы міндеттері туралы дәлелдерді өте нақты жеткізгенін атап өткіміз келеді. Балалардың құқықтарын құрметтеу және олардың алдындағы міндеттерді орындау — ол ата-аналардың жауапкершілігінде, осылай олар физикалық және рухани дамыған тұлғаны өмірге әкеледі, ал ол өзінің отбасын құрып, оларды тәрбиелеп, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) білімдері мен сүннеттерін, асыл дінімізді одан әрі насихаттауы керек, осылай олар болашақ ұрпаққа танымдық, имани тәрбие бере алады. Хадисте:

إِنَّمَا بُعِثْتُ لِأَتَمِّمَ مَكَارِمَ الْأَخْلَاقِ

«Расында мен көркем мінезді толықтыру үшін жіберілдім», — деген (Бұхари, Ахмад).

Ата-ана жауапкершілігі бала туылмас бұрын, ер мен әйел отбасын құру үшін бірін-бірі таңдаған кезден басталады.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: مَنْ اسْتَطَاعَ مِنْكُمُ الْبَاءَةَ فَلْيَتَزَوَّجْ فَإِنَّهُ أَغْضَى لِلْبَصْرِ وَأَحْصَنُ لِلْفَرْجِ وَمَنْ لَمْ يَسْتَطِعْ مِنْكُمُ الْبَاءَةَ فَلْيُصُمْ فَإِنَّهُ لَهُ وَجَاءٌ

«Сіздерден кімде-кім үйлене алатын болса, үйленсін. Осылай азғындықтан және көзқұмарлықтан аулақ болады. Ал үйлене алмайтындар болса, ауыз бекітсін. Осылай ол да нәпсіқұмарлықты баса алады», — деген (Бұхари, Мұслим).

Исламда үйленетін адамның жеке қасиеттері мен тәрбиесіне үлкен мән беріледі, өйткені ол осы қасиеттерді кейін ұрпағына береді. Әбу Һұрайрадан жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

عن أبي هريرة رضي الله عنه عن النبي صلى الله عليه وسلم قال: تتكح المرأة لأربع؛ لمالها و لحسابها و جمالها و لدينها، فاطفر بذات الدين تربت يداك

«Әйелге төрт қасиетіне қарай үйленеді, олар: байлығына, асыл тектілігіне, сұлулығына және діндарлығына. Сондықтан тақуа діндар әйелге үйлен, әйтпесе сен де барлығын жоғалтып аласың!» (Бұхари, Мұслим).

Дәл осы ережелерді әйел болуға дайын әйел де ұстануы керек. Некеге дайын болу — өте маңызды аспект, ол кейіннен керемет қарым-қатынастардың нығаюына және дамуына баға жетпес үлес қосады, соның салдарынан салиқалы, тәрбиелі жақсы балалары қалыптасады.

Неке одағы құрылып, екі адам өз ұрпақтарын жалғастыруға шешім қабылдағанда, Алла Тағаланың қалауымен жаңа өмір туады. Қасиетті Құранда:

وَلَقَدْ خَلَقْنَا الْإِنْسَانَ مِنْ سُلَالَةٍ مِنْ طِينٍ * ثُمَّ جَعَلْنَاهُ نُطْفَةً فِي قَرَارٍ مَكِينٍ *
ثُمَّ خَلَقْنَا النُّطْفَةَ عَلَقَةً فَخَلَقْنَا الْعَلَقَةَ مُضْغَةً فَخَلَقْنَا الْمُضْغَةَ عِظَامًا
فَكَسَوْنَا الْعِظَامَ لَحْمًا ثُمَّ أَنْشَأْنَاهُ خَلْقًا آخَرَ فَتَبَارَكَ اللَّهُ أَحْسَنُ الْخَالِقِينَ

«Расында Біз адамды нағыз балшықтан жараттық. Сонан кейін оны жатырда тұратын тамшы қылдық. Сосын тамшыны ұйыған қан жасадық. Ұйыған қанды кесек ет жасап, кесек етті сүйек жасадық та сүйектерге ет қаптадық. Сонан кейін оны басқа бір жаратылыс етіп, жан салдық. Алла Жаратушылардың ұлы шебері» («Мүминун» сүресі, 12-14 аяттар).

Жатырда бала пайда болған сәттен бастап баланың өмір сүруге деген құқығы болады. Оның өмірін тек қана бала жатырда жатып анасының өміріне қиындықтар тудырғанда және медициналық көрсетулер бойынша болашақта баланың денсаулығында қандай да бір қиындықтар пайда болса, баланың жатырда жатқан кезде өмірін тоқтатуға болады.

Исламдағы 1990 жылғы Каирдегі адам құқықтары декларациясында айтылғандай:

2а-бап: «Өмір — Жаратушы Алланың берген сыйы және өмір сүру құқығы кез келген адамға кепілдендірілген».

2в-бап: «Жаратушы Алла тағайындаған мерзімге дейін адам өмірін сақтау — шаригат белгілеген міндет».

Әйелі жүктілік кезінде ажырасса да некедегідей болады, яғни күйеуі оны босанғанша қолдап, асырауы керек.

Сонымен қатар, исламда болашақ туылатын нәресте тек қорғалып қана қоймай, медициналық көмек пен күтуді алуға да құқылы, сонымен бірге оның мұрадан алатын үлесі де бар. Егер баланың әкесі қайтыс болса, оның мүлкі туралы мәселе нәресте туылғаннан кейін ғана қарастырылады.

Егер қандай да бір себептермен ерлі-зайыптылар жүктілік кезінде некені бұзу туралы шешім қабылдаса, онда әйел өзінің жүктілігін күйеуінен жасырмауы керек, егер әкесінен жасыратын болса, онда нәресте ата-анасы бар болу құқығынан айырылады. Құран Кәрімде:

وَالْمُطَلَّقَاتُ يَتَرَبَّصْنَ بِأَنْفُسِهِنَّ ثَلَاثَةَ قُرُوءٍ وَلَا يَجِلُّ لَهُنَّ أَنْ يَكْتُمْنَ مَا خَلَقَ اللَّهُ فِي أَرْحَامِهِنَّ إِنْ كُنَّ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَبُعُولَتُهُنَّ أَحَقُّ بِرَدِّهِنَّ فِي ذَلِكَ إِنْ أَرَادُوا إِصْلَاحًا وَلَهُنَّ مِثْلُ الَّذِي عَلَيْهِنَّ بِالْمَعْرُوفِ وَلِلرِّجَالِ عَلَيْهِنَّ دَرَجَةٌ وَاللَّهُ عَزِيزٌ حَكِيمٌ

«Талақ болған әйелдер, үш етеккір мерзімін күтеді. Оларға жатырларындағы Алланың жаратқанын жасырулары дұрыс емес. Егер олар Аллаға, ақырет күніне сенетін болса және жарасуды қаласа, әйелдерін қайта алуға өз ерлері лайығырақ», — деген («Бақара» сүресі, 228-аят).

Хаммуда Абдалати деген ғалым: «Балаға деген жауапкершілік және оған қамқорлық бірдей дәрежеде діни маңыздылыққа да, әлеуметтік қызығушылыққа да қатысты мәселе. Баланың ата-анасы бар ма, жоқ па, олардың денсаулығы жақсы ма, ауыр науқас па немесе олардың есімдері белгілі немесе белгісіз болса да, балаға оңтайлы қолдау көрсетілуі керек. Баланың әл-ауқатына жауаптылар, мейлі олар жақын туыстары болсын, тәрбиешілер болса да, өз міндеттерін орындау үшін барын салуы керек. Егер баланың жақын туыстары болмаса, оған қамқорлық жасау арнайы тағайындалған шенеуніктердің де, қарапайым азаматтардың да және бүкіл мұсылман қоғамының ортақ міндетіне айналады», — деп айтқан.

Балалардың лайықты дамуға және тәрбиеленуге болған құқықтары

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) балалардың арасында ең бірінші теңдік стандарттарды орнату және оны сақтау керектігін айтқан. Бұл балалар арасында кемсітушіліктен болатын қызғаншақтық пен бәсекелестікті болдырмау үшін барлығын теңдей бөлу керек екендігін айтқан.

أَنْطَلَقَ بِي أَبِي بِحِمْلِي إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ اشْهَدْ أَنِّي قَدْ نَحَلْتُ - نَحَلْتُ أَي أَعْطَيْتُ بِلَا مَقَابِلٍ - النُّعْمَانَ كَذَا وَكَذَا مِنْ مَالِي فَقَالَ أَكَلَّ بَنِيكَ قَدْ نَحَلْتَ مِثْلَ مَا نَحَلْتَ النُّعْمَانَ قَالَ لَا قَالَ فَأَشْهَدْ عَلَيَّ هَذَا غَيْرِي فَإِنِّي لَا أَشْهَدُ عَلَى جُورٍ ثُمَّ قَالَ أَيَسْرُكَ أَنْ يَكُونُوا إِلَيْكَ فِي الْبِرِّ سَوَاءً قَالَ بَلَى قَالَ فَلَا إِذَا

Бірде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір сахабаның баласына беріп жатқан сыйлықтары жайлы одан былай деп сұрапты: «Сен барлық балаларыңа осындай сыйлық жасадың ба?». Сонда әлгі кісі: «Жоқ» деп жауап беріпті. Сол кезде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Онда Сіз бұл сыйлықтарды қайта өзіңізге алыңыз», — деп айтқан екен (Бұхари, Мұслим).

Мұхаммед Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қыздардың тәрбиесіне ерекше назар аударған. Себебі еркектердің ер балаларды ұнататындығын біледі. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ұлыңа қуанышпен қарасаң, бұл сен үшін бата, қызыңа қуанышпен қарасаң, сауап ретінде жазылады. Қыздарыңыздан бастаңыз, өйткені Алла Тағала оларға жұмсақ», — деп айтқан (Саад ибн Әбу Уаққас айтқан).

Сондай-ақ: «Қыз дүниеге келгенде, Алла Тағала сол жерге періштелерін жібереді және олар: «Осы үйдің тұрғындары, сендерге сәлем!» Сонда періштелер туылған қызды қанаттарымен жауып, басын сипап: «Ол әлсіз және дәрменсіз

болса да, әлсіз денеден шықса да. Егер әкесі оны тәрбиелесе, қияметке дейін Алладан көмек алады» (имам ат-Табарани).

Ұлдар мен қыздардың құқықтары шаригатпен барынша қорғалады және біреуінің басқасынан артықшылығы жоқ. Сондықтан осы тарауда сипатталатын барлық нәрсе екі жынысқа да бірдей қолданылады.

Бала дүниеге келгеннен кейін, ол ата-ана тарапынан келесі әрекеттерге құқылы:

1) Құлағына азан шақырып, қамат айту

Мұның қаншалықты қажет екендігі имам Тирмизи мен Әбу Дәуідтің Абу Рафиядан жеткізген хадисінде баяндалған. Алланың Елшісі Фатима дүниеге Хусейнді әкелгеннен кейін оның құлағына азан сөздерін оқыған.

Азан мен қамат айтудың даналығы — баланың бұл дүниеде ең бірінші еститіні — оның қауіпсіздігіне үміт беретін Алланы еске алу.

2) Тахник жасау (баланың таңдайын шайналған құрмамен немесе тәтті нәрсемен ысқылау)

Тахник — шайналған тәттінің кішкене бөлігін баланың аузына салу дегенді білдіреді. Ауызға салынатын ең жақсы және ең алғашқы ас ол — құрма.

Айша анамыз (Алла оған разы болсын) хабарлағандай, сахабалар балаларын тахник жасатуға және бата алу үшін Мұхаммед Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әкелетін. Бұл өз араларында кең тараған үрдіс болатын.

Тахниктің мақсаты — ауыз қуысының бұлшық еттерін күшейтеді. Осылай баланы анасының кеудесін қабылдауға және сүтті ең жақсы түрде емуге дайындайды.

3) Балаға ат қою

Ата-аналардан ерекше назар аударуды қажет ететін мәселелердің бірі — жаңа туған нәрестеге есімді дұрыс таңдауы.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

إِنَّكُمْ تُدْعَوْنَ يَوْمَ الْقِيَامَةِ بِأَسْمَائِكُمْ وَأَسْمَاءِ آبَائِكُمْ فَحَسِّنُوا أَسْمَاءَكُمْ

«Шынында да, сендер қиямет күні есімдеріңмен және әкелеріңнің есімдерімен аталып шақырыласыңдар. Сондықтан балаларға әдемі есімдермен ат қойыңдар!», – деген (Әбу Дәуіт).

4) Ақиқа құрбандық (баланың туылу құрметіне арналған құрбандық)

5) Шашты тақырлап алу
Мұхаммед Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

قال رسول الله صلى الله عليه وسلم: كل غلام رهينة بعقيقته، تذبح عنه يوم سابعه، و يسمي فيه، و يحلق رأسه

«Әр баланың дүниеге келуі – құрбандық шалудың сәті. Құрбандық жетінші күні [бала туылғаннан кейін] сойылады. Сол күні балаға ат қойылып, басындағы шашы тақырланып алынады» (Хаким, Бәйһақи, Тирмизи).

6) Сүндеттеу (хитан, сүндеттеу)

Ислам дінінде ұл балаларды сүндетке отырғызу «сүннет» деп аталады, бұл осы істің маңыздылығын көрсетеді.

Көптеген хадистерде сүннеттің қажеттілігі туралы былай айтылған:

أن رسول الله صلى الله عليه وسلم عاق عن الحسن والحسين وختنهما لسبعة أيام

«Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) немерелері Хасан мен Хусейн дүниеге келгеннен кейінгі жетінші күні ақиқа құрбандық беріп, сүндетке отырғызды» (имам Табарани).

7) Ана сүтімен бала емізу

Ислам діні бойынша нәрестені ана сүтімен толық екі жыл емізу ұсынылады. Алла Тағала Құранда:

وَالْوَالِدَاتُ يُرْضِعْنَ أَوْلَادَهُنَّ حَوْلَيْنِ كَامِلَيْنِ لِمَنْ أَرَادَ أَنْ يُتِمَّ الرَّضَاعَةَ

«... емізуді тамамдағысы келген кісі үшін аналар, балаларын толық екі жыл емізеді...», – деген («Бақара» сүресі, 233-аят).

Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

حاملاتُ والِداتُ مُرْضِعَاتُ ، رَحِيْمَاتُ بِأَوْلَادِهِنَّ ، لَوْلَا مَا يَأْتِيَنَّ إِلَى أَرْوَاحِهِنَّ دَخَلَ مُصَلِّيَاتِهِنَّ الْجَنَّةَ

«Бала көтеріп, содан кейін босанатын, емізетін және оларға деген сүйіспеншілігі мен мейірімін көрсететін әйелдер. Егер олар намаз оқып, жұбайларына жаман қарамаса, сөзсіз жұмаққа кіреді», – деген (Ахмад, Табарани, Хаким).

Әкесі балаларын өскенге дейін оларды толықтай қамтамасыз етуге жауапты болса, анасы оларға қамқорлық жасауға міндетті. Өйткені исламда әйелі кез келген қаржылық міндеттемелерден босатылған, бірақ сонымен бірге тәрбиелеу процесі ата-анаға бірдей жүктелген. Мұнда анасы мен әкесі өздерінің барлық мүмкіндіктерін жұмсайды, олар, уақыт, сүйіспеншілік және жалпы баланың назарына жұмсалынады.

Исламда қыздар мен ұлдар ата-аналарының қамқорлығы мен қолдауына тең құқылы. Оларға тиісті тамақ, киім және денсаулық сақтау құқықтарын толық қамтамасыз ету керек. Хадисте: «Балаларыңызға жомарт болыңыз және оларды лайықты және тақуа етіп тәрбиелеңіз» деген (Мүслим).

Сонымен қатар, тәрбиенің маңызды аспектісі – білім. Өйткені білім беру әрбір мұсылман немесе мұсылман әйелдері үшін міндетті болып табылады.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисте:

قال رسول الله صلى الله عليه وسلم: طلب العلم فريضة على كل مسلم ومسلمة

«Білімді іздеу – әрбір мұсылман ер мен әйелге талап етіледі» деген (Табарани).

Пайғамбарымыз Мұхаммедке (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ең алғашқы аят:

أَفْرَأَ

«Оқы...» деп басталған («Алақ» сүресі, 1-аят).

Исламда білімнің маңыздылығы тек жоғарыда аталған «Алақ» сүресінің аятында ғана емес басқа да аяттар да бар. Мұнда адам баласының білім дәрежесінің теңдігі, дамуы жөнінде айтылған. Айталық, Құранның келесі аятында:

قُلْ هَلْ يَسْتَوِي الَّذِينَ يَعْلَمُونَ وَالَّذِينَ لَا يَعْلَمُونَ إِنَّمَا يَتَذَكَّرُ أُولُو الْأَلْبَابِ

«Білгендер мен білмегендер тең бола ма? Шын мәнінде ақыл иелері ғана үгіт ала алады», – деген («Зумәр» сүресі, 9-аят).

Білімді екі түрге бөлуге болады. Біріншісі: дініңізді білу. Екінші түрі: арнайы білім. Мұндағы мақсат белгілі бір саланың маманы болу және сол арқылы қоғамға пайда әкелу. Ата-аналар өз балаларына білімнің екі түрін де беруге міндетті (жынысына, нәсіліне немесе ұлтына байланысты кемсіту жоқ). Ата-аналар баласына оның тілектері мен қабілеттеріне сәйкес келетін білімді таңдауға, сондай-ақ оны өз діні мен мәдениетіне сәйкес тәрбиелеуге құқылы.

Балалық шақтан ересек кезеңге өтудің маңызды кезеңі әр ата-анаға өте мұқият қарауды қажет ететін жасөспірім кезеңінде болады. Шарият заңдарына сәйкес, қыздар мен ұлдар балиғат жасына жеткенде ересек болады. Бұл жас исламда жасөспірімдердің заңды және өз іс-әрекеттері үшін толық жауапкершілікке ие болып, ата-аналарға белгілі бір міндеттер жүктелуімен сипатталады. Олар жас ұрпаққа кейбір жағдайларды түсінбеуіне байланысты бұрын қозғалмаған сұрақтар бойынша ақпараттар жеткізуі керек.

1) Қанондық міндеттемелер

Ересек жасқа жеткеннен кейін қыздар да, ұлдар да исламдық мінез-құлық стандарттары мен киім үлгісін қабылдауы керек. Осы жасқа дейін жасөспірімдер қарапайым әдебиеттерді білуі керек, әсіресе қарапайым болуы керек.

Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде:

الحياء كله خير، والحياء لا يأتي إلا بخير

«Ар-ұяттың (қарапайымдылықтың) барлық түрі жақсы, ал ар-ұят (қарапайымдылық) әрқашан тек жақсылық әкеледі», – деп айтқан (Бұхари).

Сондай-ақ, жасөспірімдер өздерінің діни парызын орындауда жауапкер болады, яғни намаз, ораза және т.б. құлшылықтар

2) Жыныстық тәрбие

Жыныстық эксперименттерді белсенді түрде тоқтатып, жастарға некеге дейінгі жыныстық қатынастарға жол бермеуге және теріс істерге әкелетін, исламда қатаң тыйым салынған істерден аулақ болу керектігін үйретуі керек.

Құран Кәрімде:

قُلْ لِلْمُؤْمِنِينَ يَعْضُوا مِنْ أَبْصَارِهِمْ وَيَحْفَظُوا فُرُوجَهُمْ ذَلِكَ أَزْكَى لَهُمْ إِنَّ اللَّهَ خَبِيرٌ بِمَا يَصْنَعُونَ
وَقُلْ لِلْمُؤْمِنَاتِ يَعْضُنَّ مِنْ أَبْصَارِهِنَّ وَيَحْفَظْنَ فُرُوجَهُنَّ وَلَا يُبْدِينَ زِينَتَهُنَّ إِلَّا مَا ظَهَرَ مِنْهَا وَلَا يَضْرِبْنَ بِخُمُرِهِنَّ عَلَى جُيُوبِهِنَّ وَلَا يُبْدِينَ زِينَتَهُنَّ إِلَّا لِبُعُولَتِهِنَّ أَوْ آبَائِهِنَّ أَوْ آبَاءِ بُعُولَتِهِنَّ أَوْ إِخْوَانِهِنَّ أَوْ بَنِي إِخْوَانِهِنَّ أَوْ أَخَوَاتِهِنَّ أَوْ نِسَائِهِنَّ أَوْ مَا مَلَكَتْ أَيْمَانُهُنَّ أَوْ التَّابِعِينَ غَيْرِ أُولِي الْإِرْبَةِ مِنَ الرِّجَالِ أَوِ الطِّفْلِ الَّذِينَ لَمْ يَظْهَرُوا عَلَى عَوْرَاتِ النِّسَاءِ وَلَا يَضْرِبْنَ بِأَرْجُلِهِنَّ لِيُعْلَمَ مَا يُخْفِينَ مِنْ زِينَتِهِنَّ وَتَوْبُوا إِلَى اللَّهِ جَمِيعًا أَيُّهَا الْمُؤْمِنُونَ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ

«(Мұхаммед) Мүміндерге айт: (Бөгде әйелдерге қараудан) көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Бұл олар үшін өте жақсы. Рас Алла, олардың не істегендерінен хабар алушы.

Мүмін әйелдерге де айт: «(Бөгде ерлерден) көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Сондай-ақ зейнеттерін көрсетпесін. Бірақ олардың өзіндігінен

көрінгендері басқа (беті, қол-аяқтары). Және бүркеншіктерін омырауларына түсірсін. Зейнеттерін көрсетпесін. Бірақ ерлеріне, әкелеріне, қайын аталарына, өз ұлдарына, өгей ұлдарына, аға-бауырларына, олардың ұлдарына, әпкесіңділерінің ұлдарына, Мұсылман әйелдерге, қолдарындағы күндеріне, әйел керек қылмайтын қызметшілерге немесе әйелдердің ұятты жерлерін білмейтін балаларға көрсетулеріне болады. Және де көмескі зейнеттерін басқаларға білдіру үшін аяқтарын ұрып жүрмесін. Әй мүміндер, түгел Аллаға тәубе етіңдер! Әрине құтыларсыңдар», – деген («Нұр» сүресі, 30-31-аяттар).

Ибн Аббастан жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

عن عبدالله بن عباس رضي الله عنهما قال: سمعت النبي صلى الله عليه وسلم يخطب يقول: لا يخلون رجلٌ بامرأةٍ إلا ومعها ذو محرم، ولا تسافر المرأة إلا مع ذي محرم (متفق عليه)

«Ешқандай жағдайда ер адамды егер онымен жақын туысы болмаса бейтаныс әйелмен жалғыз қалдыруға болмайды». (Бұхари, Мұслим).

Барлық осы айтылған канондар толығымен жас ұрпақтың құйтырқы, қоғамға залал тигізетін мінез-құлқын алдын алуға пайдалы болады.

Балалар мен жасөспірімдердің тағы бір ажырамас құқығы — оларды порнографияның лас ағымынан, зорлық-зомбылықтан және бұқаралық ақпарат құралдарындағы басқа да адамгершілікке жатпайтын теріс істерден шектеу. Ата-аналар бұны қатаң қадағалауы керек, көруге жол бермеуі тиіс. Яғни жыныстық тәрбиенің бастапқы аспектілері дұрыс түсіндірілмегендіктен, олардың қызығушылығы жасөспірімнің өз бетінше ақпарат іздеуіне әкеледі.

Ата-аналар отбасындағы тәрбиені ислам тұрғысынан бастамайынша, қоғамда түрлі эксперименттер мен ізденістер, теріс ақпараттармен тәрбиелейтін ұрпақ пайда болады.

3) некеге тұру құқығы

Жасөспірім кәмелетке толғаннан кейін, оларға үйленуге рұқсат етіледі. Қыздарды әкелері немесе заңды қамқоршылары тұрмысқа береді, бірақ қыздардың өз келісімін алғаннан кейін іске асуы керек. Оларды ерлі-зайыптылыққа мәжбүрлеуге қатаң тыйым салынады.

Жастар ата-аналарымен ақылдасқаннан кейін кез келген өмірлік жағдайда өзіне қолдау көрсететін өмірлік серігін өз бетінше таңдауға құқылы.



Ерте жаста некеге тұру мен мәжбүрлі некенің зияны мен зардаптары

Отбасылық байланыс мықты болуы үшін, отбасылық және өмірлік тәжірибелері бар жан-жақты жетілген, өзіндік көзқарастары қалыптасқан ер мен әйелдің некелік қарым-қатынасынан үлгі алу керек. Сондықтан әрбір отбасын құрамын деуші жастар алдымен ата-анасының отбасындағы жылуын, тәрбиесін алып, білім алып, өздерін психологиялық, рухани және материалдық құндылықтарын қалыптастырып, қажеттіліктерін өтей алған кезде ғана ересек өмірге дайын болады. Ал олардың физиологиялық дене бітімдері толық жетілген сау болуы керек. Қыз балалар – дендері сау ұрпақты дүниеге алып келетіндей, өздерінің денсаулықтары мен өмірлеріне қатер туындатпайтын денсаулықтары болуы керек. Себебі жасөспірім ерте жаста жүкті болған қыздардың жүктілігі мен босануы — бұл медициналық-әлеуметтік мәселе, бұл қыз бала жас болған сайын қауіпті болатын мәселе.

Қасиетті Құранда:

وَأَنْكِحُوا الْأَيَامَىٰ مِنْكُمْ وَالصَّالِحِينَ مِنْ عِبَادِكُمْ وَإِمَائِكُمْ إِنْ يَكُونُوا فُقَرَاءَ يُغْنِهِمُ اللَّهُ مِنْ فَضْلِهِ وَاللَّهُ وَاسِعٌ عَلِيمٌ

«Іштеріңдегі бойдақтарды, сондай-ақ қолдарыңдағы құл, күндердің дұрыстарын үйлендіріңдер. Егер олар кедей болса да, Алла өз кеңшілігімен оларды байытады. Алла, аса кеңшілік иесі, толық білуші», — («Нұр» сүресі, 32-аят).

Статистикаға сүйенсек, ересектер арасындағы некелердің аз мөлшері ғана ажырасумен аяқталады, яғни ең төменгі деңгейіне ие, осы жастағы некелер берік болады.

Бірақ біз мұнда, өкінішке орай, қазіргі мұсылман қоғамында орын алатын ерте мәжбүрлі неке тақырыбын толығырақ қозғаймыз.

Қазіргі кезге дейін кейбір мұсылман қауымдастықтарында әйел (қыздар) тең құқықты адам ретінде емес, тек екінші деңгейдегі нәрсе (зат) ретінде қабылданады, сондықтан әйелдерді пайдалану,

олардың алдындағы құқықтары мен міндеттерін сақтамау көп кездесетін жағдай (біз ерлер мен әйелдердің құқықтар мен міндеттері жайлы толық бір тарауда сөз еттік).

Мұндай отбасыларда қыз баланы жас кезінде-ақ, балиғат жасына жетпей тұрмысқа беруі мүмкін. Сонымен қатар «келін ұрлау» дәстүрі бар, бұл да өзекті мәселе. Мұндай әрекет ислам әлемі мен ақыл-парасат тұрғысынан қарасаңыз мүлдем жөнсіз. Бұл тыйым салынған әрекеттердің жиынтығын қамтиды және үлкен зұлымдыққа, тіпті қантөгіске әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, ұрланған қыз өзі танымайтын бейтаныс адаммен тыйым салынған іске (харамға) алып келуі мүмкін. Бұл исламда зинаға ұқсайды. Ол туралы Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп айтқан:

لَا يَخْلُونَ رَجُلٌ بِأَمْرًا، وَلَا تُسَافِرَنَّ امْرَأَةٌ إِلَّا وَمَعَهَا مَحْرَمٌ

«Ер адамның бейтаныс әйелмен жалғыз қалуына болмайды. Сондай-ақ әйелге жанында жақын туысы (махрам) болмаса, жалғыз жолға шықпауы керек» (Бұхари, Мұслим).

Міне жоғарыда айтқандай қызды алып қашуға болмайды. Яғни қызбен некесіз жақындасу күнә. Осылайша ер адам қыз баланы қоғам мен оның отбасы алдында пәктігінен айырылған деп көрсетіп, ол қыздың арына қатысты әрдайым күмән туғызады. Ал қызының осындай жолмен арынан, пәктігінен айырылуы оның отбасы үшін ұят.

Бұл жайлы қасиетті Құранда:

إِنَّ الَّذِينَ يَرْمُونَ الْمُحْصَنَاتِ الْغَافِلَاتِ الْمُؤْمِنَاتِ لُعْنُوا فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ وَلَهُمْ عَذَابٌ عَظِيمٌ

«Расында абыройлы мүмінге, ақ ниетті әйелдерге жала қойғандар дүние, ақыретте қарғалды. Әрі олар үшін ірі азап бар» («Нұр» сүресі, 23-аят).

Бұл аят өздерінің жаман жорамалдарын айтып, сол арқылы жалған қауесеттің таралуына ықпал еткендер туралы түсірілген.

Неліктен қыздар түрлі жаман күнәларға бой алдырады, тап болады? Ата-аналары, ағалары оларды тастап, өздеріне ауыр және ұят санайтындықтан. Бірақ Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп айтқан:

ألا أدلكم على أفضل الصدقة؟ ابنتك مردودة إليك ليس لها كاسب غيرك
(رواه ابن ماجة)

«Мен саған ең керемет қайырымдылық (садақа) не екенін көрсетейін бе? Бұл саған оралған сенің қызың» (Ибн Мәжа).

Ханафи мәзһабы қызды мәжбүрлі түрде некеге отырғызу мүмкіндігін жоққа шығарады. Ал қалыңдықтың еркіне қарсы жасалған неке жарамсыз болып саналады. Негізсіз болмас үшін «Ханафи фиқһ. Никах» бабына жүгінетін болсақ: «Егер олардың екеуі де немесе олардың ең болмағанда біреуі некеге тұруға келіспесе, неке жарамсыз болады. Өйткені қалыңдық пен күйеу жігіт некеге тұрады, демек, олардың келісімі, коммерциялық мәміле жасалған кезде серіктестердің келісімі сияқты, жарамдылықтың алғышарты болып табылады. Жаһилия дәуірінде (исламнан бұрынғы қараңғы кезең) арабтар әйелдерді олардың келісімін сұрамай-ақ күйеуге берді. Ал исламда бұған тыйым салынды. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әйелге үйлену мәселесінде кеңес беруді бұйырды» (Абдалхамид Тахмаз. Ханафи фиқһы. Отбасы және неке қатынастары).

Әбу Һұрайра Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізеді:

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: لَا تُنْكَحُ النَّيِّبُ حَتَّى تُسْتَأْمَرَ، وَلَا الْبِكْرُ إِلَّا بِإِذْنِهَا

«Ерлі-зайыптылармен ақылдаспай некеге тұруға болмайды, ал пәк қыздан оның рұқсатын сұрамай үйленуге болмайды» (Әбу Дәуіт).

Сондай-ақ «Сахих әл-Бұхариде» мынадай хадис келген:

حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ، أَخْبَرَنَا يَزِيدُ، أَخْبَرَنَا يَحْيَى، أَنَّ الْقَاسِمَ بْنَ مُحَمَّدٍ، حَدَّثَهُ: أَنَّ عَبْدَ الرَّحْمَنِ بْنَ يَزِيدٍ، وَمُجَمَّعُ بْنُ يَزِيدٍ، حَدَّثَاهُ: أَنَّ رَجُلًا يُدْعَى خِدَامًا أَنْكَحَ ابْنَةً لَهُ، نَحْوَهُ

«Ханса бинт Хизам әл-Ансария (Алла оған разы болсын) әкесі оны өзінің еркінен тыс екінші әйел ретінде некеге берген кезде, ол Алланың Елшісіне келді және ол бұл некені бұзды», — деп хабарлаған.

Осы дәлелдердің барлығы әйелдің келісімі арқылы некенің жарамды болуының басты шарты екенін көрсетеді.

Қарастырылып отырған құбылыс діни емес, әлеуметтік сипатқа ие, біз мұны ислам діні тұрғысынан негіздеуге тырыстық.

Әр нәрсенің белгілі бір даму жолы бар: біз физиологиялық тұрғыдан әр түрлі жетіліп, отбасылық өмірге әр түрлі жолмен дайын болатынымызды айттық. Сондықтан есейген сайын ер балаларды да, қыздарды да, үйленуге дайындау қажет, оларға кеңестер беру керек. Көптеген отбасыларда олар көбінесе қыздарды қатал ұстауға тырысады, мұны оның болашақ ана екендігімен түсіндіріледі, ал ер балаларды еркелету мен көп қажеттіліктерін өтеуге мүмкіндік береді. Жалпы отбасылық қатынастардың басты қасиеті ерлі-зайыптылардың екеуінің де адалдығы, бір-бірінің құқықтарын білу және міндеттерін сақтау болып табылады.

Екінші жағынан, мұсылмандардың құдіреті шексіз Алланың ғана алдында емес, сонымен қоса олардың жұбайлары, мемлекет және қоғам алдындағы атқаратын міндеттері де бар, оларды сақтау мен орындау өте маңызды.

Құран Кәрімде Алла Тағала былай деген:

...أوفوا بالعقود ...

«Әй, мүміндер! Уәделеріңді орындандар...» («Мәида» сүресі, 1-аят).

Мазмуны:

Исламда отбасы және отбасы құндылықтары.....	5
Ерлі-зайыптылық қарым-қатынастағы ер мен әйелдің құқықтары мен міндеттері	8
Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау	24
Ана болу мүмкіндігі және әйелдердің репродуктивті денсаулығын сақтау	28
Жанұя болуды жоспарлау	32
Жүктілік кезде және кейін әйелді қолдаудағы ердің ролі	40
Ата-ана болу жауапкершілігі.....	42
Балалардың лайықты дамуға және тәрбиеленуге болған құқықтары	46
Ерте жаста некеге тұру мен мәжбүрлі некенің зияны мен зардаптары	54

Аталған материалдағы көзқарас авторларға тиесілі, ол пікір БҰҰ Қазақстандағы халық қоныстану қорының (ЮНФПА), Біріккен Ұлттар ұйымының немесе оларға қосылған ұйымдардың пікірі болып есептелмеуі мүмкін. Пайдаланылған белгілердің құқықтық мәртебесі әлдекімнің немесе қандай да бір мемлекеттің, аумақтың, ауданның немесе шекаралық аймақтың пікірі болып саналмайды.

«Big Dream» баспаханасында басылды.
Нұр-Сұлтан қаласы, К.Байсеитова көш., 114/2
Тел.: +7 (7172) 377 074, +7 (747) 572 65 02

